

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВ:

ТУҒАН ЖЕРІМІЗДІ ЕШКІМ СЫРТТАН КЕЛІП ТАЗАЛАП, КӨРКЕЙТІП БЕРМЕЙДІ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



• Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз.

• Осы шара шеңберінде бүкіл еліміз бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі.

• Мысалы, қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу – аса маңызды. Бұл біздің қоғамның қалыпты қағидатына айналуы қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» кампаниясының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған ортаны аялауға, қорғауға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді. Қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Тұтас елдің сана-сезімі өзгере бастады. Жастарымыз мұны терең түсінеді.

• Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы – жарқын, жолы – ашық.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде сөйлеген сөзінен

БУ-ГАЗ ҚОНДЫРҒЫСЫ ЭЛЕКТР ҚУАТЫ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЯДЫ

Қызылорда облысының Сырдария ауданында қуаттылығы 1100 мегаватт болатын бу-газ қондырғысы салынады.

Бұл жоба оңтүстік өңірлердегі энергетикалық қауіпсіздікті күшейтеді. 800 миллиард теңге жұмсалатын құрылысқа 280 гектар жер бөлінді. Қондырғы толық іске қосылғанда аймақтағы электр қуатына деген тапшылық жойылып, жұмыс орындары ашылады. Жоба Мемлекет басшысының Қатар еліне жасаған ресми сапары кезінде келісілген. Қосымша инфрақұрылым ретінде Қызылордадан Жезқазған және Шымкент бағыттарына жоғары кернеулі электр желілері тартылады. Мамандардың айтуынша 2028 жылы іске қосылатын бұл жоба еліміз үшін стратегиялық маңызға ие.

Облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының басшысы Медет Усаин:

- Сонымен қатар осы жаңа бу қазандығына және осы оңтүстік өңірлерді табиғи газбен қамтамасыз ету үшін Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырының екінші желісі салынады деп жоспарланып отыр. Жалпы бұл газ желісінің ұзақтығы 1500 шақырымды құрайды. Соның 843 шақырымы біздің Қызылорда облысының территориясымен өтеді деп отырмыз, - дейді.

Қ.КУЛМИШЕВА

ӘКІМ ҮКІМЕТ ТАПСЫРМАСЫН ТАПСЫРДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде газ саласын дамыту және цифрландыру, ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен мәдени мұраны сақтау және насихаттау мәселелері қаралды.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақта елді мекендерді газдандыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Өңірдегі қалалар мен аудан орталықтары түгелдей, оған қоса 45 ауыл табиғи газға қосылған. Өткен жылы газдандыру жобаларына 30 млрд. 500 млн. теңге бөлініп, 11 елді мекеннің 40 мыңға жуық тұрғыны газ тұтынуға көшті. Жыл басынан бері тағы 5 елді мекен газдандырылып, өңір халқын газбен қамту деңгейі 80,8 пайызға жетті.

Биылөңірдегігаздандыружобаларына 6 млрд. 100 млн. теңге қаржы бөлінген.

Үкімет отырысынан соң аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте сала басшыларына, мамандарына газдандыру жобаларына, мәдени мұраларды сақтауға қатысты тапсырмалар жүктелді.

- «Газдандыру жобаларын сапалы әрі мерзімінде аяқтауды қамтамасыз етіңіздер. «ҚазақГаз Аймақ» мекемесінің қолданыстағы инвестициялық бағдарламасының мерзімі аяқталады. Алдағы бесжылдыққа жаңа инвестициялық бағдарлама дайындалуы тиіс.

Ескерткіштер аумағына ақпараттық тақтайшалар, жол белгілерін орнатып, ауласына санитарлық тазалық жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру керек. «Руханият орталықтарындағы» аудан тарихы музейлерінің экспозицияларын ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енген тарихи жәдігерлермен

толықтырыңыздар.

Президентіміз бен Үкімет тарапынан экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған ортаны қорғауға баса мән берілуде. Өңірде тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласында 9 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Өнеркәсіпті дамыту қоры сараптамасының екінші кезеңінен барлық жобаның өтуін қамтамасыз етіңіздер.

Мамыр айында елімізде маңызды қоғамдық-саяси шаралар өтеді.1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, бұдан бөлек биыл - Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Мерекелерді негізгі идеологиялық бағыттар аясында жоғары деңгейде атап өтуіміз қажет. Президент Әкімшілігі бекіткен тұжырымдамаға, көрсетілген ұстанымдарға сәйкес жұмыс жүргізілуі тиіс», – деді Н.Нәлібаев.

КІТАП МЕРЕКЕСІН МЕРЕКЕЛЕДІК...

«Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу». Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында айтқан ұлағатты сөзі. Ел Президентінің тапсырмасымен 23-ші сәуір Ұлттық кітап күні болып ресми түрде белгіленді. Бұл – еліміздің күнтізбесіне енген атаулы күндер қатарын толықтырған тағы бір мағыналы мереке.

Осыған орай 16–23 сәуір аралығында республика көлемінде Кітап апталығы өткізілуде. Бұл апта бойы кітаптың қадірін арттырып, оқырман мен қаламгер арасындағы байланысты нығайтуды көздейді.

Кітап – ұлттың рухани байлығы, ұрпақ санасына сәуле шашатын тәрбиенің, білім мен мәдениеттің бастау бұлағы. Ұлттық кітап күні – кітапты қадірлейтін, білім мен руханияттың маңызын терең түсінетін барша жұртшылық үшін ерекше күн. Себебі әрбір жазылған кітап – келешекке қалдырылған құнды мұра, ал оны оқыған жан – саналы қоғамның айнасы.

Мерекелік күн аясында Қызылордада Қазақстанның мәдениет қайраткері Тілеген Бекарыстановтың «Аян мен ақиқат» атты кітабының түсәукесер рәсімі өтті. Кітап кейіпкері – Мыңжасар қажы Жалғасбайұлы, ал кітаптың жарыққа шығуына бастамашы болған – Жеткерген Сүлейменов. Бұл шығарма – ұлттық болмыс, шындық пен адамдық қадір-қасиет туралы терең толғам.

Қаладағы С.Майханова атындағы Мәдениет үйінде өткен салтанатты шара шын мәніндегі рухани тойға айналып, қабырғаға

ілінген кітап мұқабалары мен әсем безендірілген плакаттар арасында қонақтарды жылы шыраймен қарсы алды. Алқалы залда домбыра мен фортепиано үнімен ашылған концерттік бағдарлама кітап оқудың мәнін әнмен, өлең жолдарымен жеткізді.

№1 кітапхана мен С. Майханова атындағы мәдениет үйі бірлесіп ұйымдастырған салтанатты шара концерттік бағдарламамен ашылып, одан әрі қалалық кітапханалар жүйесінің кітапханашыларына арналған тәжірибе алмасу семинарымен жалғасты.

Шара барысында қалалық кітапхана бөлімінің басшысы Рахметова Гүлмира құттықтау сөз сөйлеп, кітапхана маңыздылығына тоқталды.

– Кітап – адамзаттың ең ұлы жетістіктерінің бірі. Кітапханалар – сол рухани байлықты жинақтап, сақтап, халыққа жеткізетін алтын көпір. Бүгінгі ұрпақ кітаппен достасқа ертеңгі елдің енесі биік болмақ. Біз, кітапханашылар – тек кітап беруші ғана емес, рухани тәрбиеші, білім мен мәдениеттің жолбасшысымыз. Кітап оқуға құштар ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз. Ұлттық кітап күні – әрбір оқырман үшін ерекше шабыт сыйлайтын, кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыратын мереке - деді ол.

Осы жылы лебіздер мен пікір алмасу аясында кітапхана мамандары өз тәжірибелерімен бөлісіп, болашақ жобаларға арналған идеялар ұсынды. Кітап мерекесі! Бұл күн әрбір азаматты кітап оқуға, білімге ұмтылуға, рухани биіктікке талпынуға үндейді. Оқырман жүрегіне жол тапқан әрбір кітаптың ғұмыры ұзақ болғай!

Қ.КУЛМИШЕВА

КІШКЕНТАЙ ХАНШАЙЫМНЫҢ ЕКІ ҚАНАТЫ

Білім мен ізденістің үлгісіне айналған 7 жасар дарынды оқушымен сұхбат

Білім – ұлттың ұлы қазынасы, ел ертеңінің алтын арқауы. Ұрпақ тәрбиесі мен сапалы білім беру – қай кезеңде де қоғамның басты назарында болған мәңгілік құндылық. Себебі бүгінгі жас жеткіншек – ертеңгі ел тізгінін ұстар кемеңгер тұлға.

Жас буынның бойындағы білуге деген арманға жетуге деген талпыныс – оларға берілген тәрбиенің, сапалы білімнің айғағы. Білім тек ақпарат емес, ол – адамды ойлауға, сөйлеуге, сезінуге, түйсінуге баулитын рухани құрал. Жасөспірімдерге дұрыс бағыт пен демеу бере отырып, біз болашақтың жарқын бейнесін қалыптастырамыз.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – Белкөл кентіндегі №189-шы орта мектеп оқушысыжастығына қарамастан үлкен жетістіктерге жетіп үлгерген, мектепте озат, өнерде талантты, бауырларына қамқор, жүрегі мейірімге толы кішкентай ханшайым – Нұрға Аршын. Білім мен өнерді қатар алып жүрген үлгілі оқушымен тілдесіп, оның жан-дүниесімен жақын танысып қайтқан едік.

«БІЛІМ – МЕНІҢ БІРІНШІ ҚАНАТЫМ»

– Аршын, алдымен өзіңді таныстырып өтсең...
– Менің атым – Аршын. Мен 7 жастамын. Биыл мектепке барғаным бір жыл болса да, сабағымды жақсы

оқып жүрмін. Мектебіме, ұстаздарыма, сыныптастарыма қатты бауыр басып қалдым. Өсіресе, менің сынып жетекшім Байжанова Қайыргүл апайымды ерекше жақсы көремін. Ол кісі бізге білім беріп қана қоймай, әр баланың жүрегіне жылу сеуіп, білімге деген қызығушылығымызды оята білді. Қайыргүл апайдың әр сабағы – біз үшін нағыз шабыт көзі. Сол кісінің қамқорлығы мен бағыт-бағдары арқылы мен білім алудың маңызын түсініп келемін. Мен өте еңбекқормын, сондықтан әр сабаққа дайындалып келуге тырысамын. Білімді болу – менің ең басты арманымның бірі.

– Білімді болу деген сен үшін нені білдіреді?

– Мен үшін білім жарық сәуле сияқты. Көп нәрсені біліп, түсініп, ізденіп жүрген адам ешқашан адаспайды. Қазірден бастап жақсы оқысам, болашақта дәрігер, мұғалім, немесе өнер жұлдызы бола аламын. Сондықтан білім – менің бірінші қанатым.

«ӨН – МЕНІҢ ЕКІНШІ ҚАНАТЫМ»

– Өзіңді өнерлі қыз деп естідік. Қандай өнерің бар?

– Иә, мен ән айтқанды өте жақсы көрем. Өн – менің екінші қанатым. Өн айтқанда өзімді еркін сезінемін. Сахнаға шыққанда кішкене қобалжымын, бірақ ән басталғанда бәрі ұмытылады. Мектептегі көптеген

іс-шараларда, байқауларда ән айтып, жүлделі орындар алып жүрмін. Ән айтып адамдардың көңіл-күйін көтергім келеді.

– Қайдан шабыт аласың?

– Мен анамның үнемі ыңылдап ән айтып жүргенін көріп өстім. Ол мені кішкентайымнан әнге баулыды. Қазақтың бұлбұлы Бибігүл Төлегенова мен Қарақат Әбілдинаның әндерін тыңдағанда бойыма ерекше күш бітеді. Болашақта солар сияқты үлкен сахналарда өнер көрсеткім келеді.

– Сабақ пен өнерді қатар алып жүру қиын емес пе?

– Алғашында кішкене қиын сияқты болды, бірақ уақытымды дұрыс бөліп үйрендім. Күндіз сабақ оқимын, кешке ән айтып, дайындаламын. Ата-анам да, ұстаздарым да маған қолдау көрсетіп отырады. Сол үшін ешқашан жалқау болуға болмайды деп ойлаймын.

«АҚЫЛДЫ ӘПКЕ БОЛУ – ЖАУАПКЕРШІЛІК»

– Аршын, сенің отбасыңда қанша адам бар?

– Менің отбасым үлкен. Үш бауырым бар. Мен – үйдегі тұңғыш қызым. Сол себепті бауырларыма қамқор болу – менің міндетім. Оларға сабаққа көмектесемін, ойыншықтарын жинауға, кітап оқуға үйретемін. Олар мені “біздің ақылды әпкеміз” деп еркелетіп айтып жүреді. Бұл маған ұнайды.

– Жақсы өпке болудың сыры неде деп ойлайсың?

– Көп сөйлемей, көп көмектесу керек. Өпке болған соң, мейірімді, сабырлы болу қажет. Бауырларыммен ойнап, оларға жақсы үлгі көрсеткім келеді. Өйткені олар мені қайталағысы келеді. Сондықтан жақсы оқуым, тәртіпті болуым – олар үшін де маңызды.

«БОЛАШАҚТА ЕҢ АЛДЫМЕН ЖАҚСЫ АДАМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ»

– Болашақта кім болғың келеді?

– Бұл сұрақты жиі қояды. Менің

ЖЕТКІНШЕК

ЖҮРЕКТЕН

ШЫҚҚАН ҮЛКЕН ОЙ

Аршымен сұхбаттасу – ерекше әсер қалдырды. Ол жас болса да, ойы тұнық, арманы биік, сөзі нық. Білімге, өнерге, отбасыға деген сүйіспеншілігі әр балада болуға тиіс асыл қасиеттердің жиынтығы. Бүгінгі кішкентай бүлдіршін ертеңгі ел үмітін арқалайтын азамат боларына сеніміміз мол.

Аршындай қыздар көп болса еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болары анық. Мұндай балғын ойлы, ізденімпаз жеткіншектер – тәуелсіз еліміздің ең үлкен байлығы.



арманым көп. Өнші де болғым келеді, дәрігер де болғым келеді, ұстаз болсам да жаман емес. Ең бастысы – адам болғым келеді. Мейірімді, білімді, өнерлі, көпке көмегі тиетін жан болғым келеді. Халқымның үмітін ақтағым келеді.

– Достарыңа, оқырмандарға не айтқың келеді?

– Барлық достарыма айтарым: жалқау болмандар! Армандарыңа сеніңдер. Егер сенбесең – ештеңеге жете алмайсың. Күнде бір нәрсе үйреніңдер, кітап оқыңдар, ән айтыңдар, жақсылық жасаудан шаршамандар. Сонда өмір одан да әдемі болады!

Қ.КУЛМИШЕВА

БОС ЛАУАЗЫМҒА КОНКУРС

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бос лауазымға конкурс жариялайды:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда Тазалығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы.

Функционалдық міндеттері:

- Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес қабылдайтын шешімдердің барлық салдарларына, кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелері үшін тұтастай жауапкершілік атқара отырып, кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды.

- Барлық құрылымдық бөлімшелердің, цехтардың және өндірістік бірлестіктердің жұмысын және өзара тиімді іс-қимылдарын ұйымдастырады, әлеуметтік және нарықтық басымдықтарды ескере отырып, олардың қызметін өндірісті дамыту мен жетілдіруге, кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыруға, өнім өндіру көлемінің өсуіне және пайданы ұлғайтуға, өндірілетін өнімнің сапасын және бәсеке қабілеттілігін, өз өнімімен отандық және шетелдік нарықтарды жаулап алу мақсатында олардың әлемдік стандарттарға сай келуін және отандық өнімнің тиісті түрлерінің халықтың мұқтажын қанағаттандыруға бағыттайды.

- Кәсіпорынның аймақтық және жергілікті бюджеттер, мемлекеттік бюджеттен тыс әлеуметтік қорлар, жеткізушілер, тапсырыс берушілер және банк мекемелерін қоса алғанда, кредиторлар алдындағы барлық міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) және бизнес-жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді.

- Өнімнің (қызмет көрсетудің) техникалық деңгейін және сапасын, оны өндірудің экономикалық тиімділігін жан-жақты арттыру, өндірістік резервтерді тиімді пайдалану және ресурстардың барлық түрлерін үнемді жұмсау мақсатында жана техниканы және жаңа технологияны, басқару мен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивтік нысандарын, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтерін кеңінен пайдалану, нарықтық конъюнктураны және озық тәжірибені (отандық және шетелдік) зерделеу негізінде өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады.

- Кәсіпорынды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін тиімді пайдалану мен дамыту, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды.

- Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлесуін, мәселелерді талқылау мен шешуде бірінғай бастама мен алкаллылықтың болуын, өндірістің тиімділігін арттыруды материалдық және моральдық көтермелеуді, әрбір қызметкер өзіне тапсырылған іс үшін материалдық мүдделілік пен жауапкершілік қағидаттарын қолдануды, бүкіл ұжымның еңбек нәтижесін, белгіленген мерзімде жалақының төленуін қамтамасыз етеді.

- Еңбек ұжымдарымен және кәсіподақ ұйымдарымен бірлесіп әлеуметтік әріптестік қағидаттарын негізінде ұжымдық шарттарды әзірлеу, жасау және орындау, еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, кәсіпорын жұмысшылары мен қызметкерлерінің еңбек мотивациясын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

- Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді оған заңнама бойынша берілген құқықтар шегінде шешеді, басқа лауазымды тұлғаларға – басшы орынбасарларына, кәсіпорынның өндірістік бірліктері мен филиалдарының, сондай-ақ функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады.

- Кәсіпорының шаруашылық қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарды қүзеге асыруында заңдылықтың сақталуын, нарық

жағдайында қаржылық басқару мен жұмыс істеуге арналған құқықтық құралдардың пайдаланылуын қамтамасыз етеді, шарттық және қаржылық тәртіптерді нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсету мен ауқымын кеңейту мақсатында кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді.

- Сотта, төрелік сотта мемлекеттік билік және басқару органдарында кәсіпорынның мүлiктік мүддесін қорғайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Нақты салада жоғары техникалық (жылумен жабдықтау, құрылыс-инженері, инженер-энергетик, инженер-механик) білім. Нақты салада функционалдық бағыттарына сәйкес облыстардағы қызмет өтілі 5 (бес) жылдан кем болмау керек;

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодекcін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік құпия туралы», нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы кәсіпорын қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі;

- Экономикалық және менеджменттік салада қызмет өтілі бар болуы, стратегиялық жоспарларды талдай білуі;

- Сонымен қатар конкурсқа қатысушылардың уәкілетті органмен бекітілген кәсіпорын басшысының біліктілік талаптарына және лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес кәсіби білімі тексеріледі.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- еңбек кітапшасының (ол болма кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар, конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжат тапсырған тұлғаларды әңгімелесуге қатысу туралы шешім қабылдайды.

Әңгімелесуге жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде күнтізбелік 10 (он) күн ішінде конкурса қатысушылармен мына мекен-жай бойынша әңгімелесу өткізеді: Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі № 16 ғимарат, телефон: 87242274032, 264311. Лауазымға орналасатын үміткерлер үшін көтерме ақы шығындары, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ТАБИҒАТТЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ!

жағдайда науқастың өміріне қауіп төндіреді.

Табиғи ошақтарындағы адамдарға кенелердің шабуылынан жеке қорғану үшін арнайы киім кию ұсынылады: қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу және резенкелі манжетті жеңі бар көйлек кию қажет.

Мал күтімімен айналысу барысында бөлек арнайы киім пайдаланып, мал қорадан шыққанда оны ауыстыру керек. Былғы жылы Жаңақорған ауданы бойынша 13 ауылдық округ пен елді мекен Конго-Қырым геоморрагиялық қызбасы вирустарын тасымалдаушы кенелерден қолайсыз болып танылып отыр. Осы індеттің алдын алу үшін залалсыздандыру жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес1-ші кезең сәуір айынан басталды.

Залалсыздандыру жұмыстары қи-коқыстан тазартылған қора-жайларда жүргізілгенде ғана тиімді болады. Осыған сәйкес қора жайлардың қи-коқыстан механикалық тазартылғаны аса маңызды. Сонымен бірге елді мекендерде ауыл шаруашылығы жануарларын эктопаразиттерге қарсы ветпрепараттармен (ивермек, ивен және т.б) егу өте тиімді. Көктем кезінде эктопаразиттерге қарсы екпе жасау кенеден, сондай ақ түрлі паразитті аурулардың алдын алуға болатынын назарларыңызға ұсынамыз.

Жанақорған аудандық ветеринариялық станициясы

Коммунальное государственное учреждение «Қызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда объявляет конкурс на вакантную должность:

Руководителя государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылорда Тазалығы».

Функциональные обязанности:

- Руководит в соответствии с действующим законодательством производственно-хозяйственной и финансово-экономической деятельностью предприятия, неся всю полноту ответственности за последствия принимаемых решений, сохранность и эффективное использование имущества предприятия, а также финансово-хозяйственные результаты его деятельности.

- Организует работу и эффективное взаимодействие всех структурных подразделений, цехов и производственных единиц, направляет их деятельность на развитие и совершенствование производства с учетом социальных и рыночных приоритетов, повышение эффективности работы предприятия, рост объемов сбыта продукции и увеличение прибыли, качества и конкурентноспособности производимой продукции, ее соответствие мировым стандартам в целях завоевания отечественного и зарубежного рынков и удовлетворения потребности населения в соответствующих видах отечественной продукции.

- Обеспечивает выполнение предприятием всех обязательств перед правительством РК, министерством, региональным и местным бюджетами, государственными внебюджетными социальными фондами, поставщиками, заказчиками и кредиторами, включая учреждения банка, а также хозяйственных и трудовых договоров (контрактов) и бизнес-планов.

- Организует производственно-хозяйственную деятельность на основе широкого использования новейшей техники и технологии, прогрессивных форм управления и организации труда, научно обоснованных нормативов материальных, финансовых и трудовых затрат, изучения конъюнктуры рынка и передового опыта (отечественного и зарубежного) в целях всемерного повышения технического уровня и качества продукции (услуг), экономической эффективности ее производства, рационального использования производственных резервов и экономного расходования всех видов ресурсов.

- Принимает меры по обеспечению предприятия квалифицированными кадрами, рациональному использованию и развитию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных и благоприятных для жизни и здоровья условий труда, соблюдению требований законодательства об охране окружающей среды.

- Обеспечивает правильное сочетание экономических и административных методов руководства, единоначалия и коллегиальности в обсуждении и решении вопросов, материальных и моральных стимулов повышения эффективности производства, применение принципа материальной заинтересованности и ответственности каждого работника за порученное ему дело и результаты работы всего коллектива, выплату заработной платы в установленные сроки.

- Совместно с трудовыми коллективами и профсоюзными организациями обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой и производственной дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности рабочих и служащих предприятия.

- Решает вопросы, касающиеся финансово-экономической и производственно-хозяйственной деятельности предприятия, в пределах предоставленных ему законодательством прав, поручает ведение отдельных направлений деятельности другим должностным лицам – главному инженеру, заместителю руководителя, руководителям производственных единиц и филиалов предприятий, а также функциональных и производственных подразделений.

- Обеспечивает соблюдение законности в деятельности предприятия и осуществлении его хозяйственно-экономических связей, использование правовых средств для финансового управления и функционирования в рыночных условиях, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений, обеспечения инвестиционной

привлекательности предприятия в целях поддержания и расширения масштабов предпринимательской деятельности.

- Защищает имущественные интересы предприятия в суде, арбитраже, органах государственной власти и управления.

Требования к участникам конкурса:

- Высшее техническое образование (теплоснабжение, инженер-строитель, инженер-энергетик, инженер-механик) по данному профилю. Наличие не менее пяти лет стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности;

- Знание Конституции Республики Казахстан, Гражданского Кодекса Республики Казахстан, Трудового Кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», Закона Республики Казахстан «О государственных секретах», нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих в сфере деятельности данного предприятия;

- Наличие умение анализировать стратегические планы, опыт работы в сфере экономики и менеджмента;

- А также определяются профессиональные знания участников конкурса на основании квалификационных требований и должностной инструкции руководителя соответствующего предприятия, утвержденных государственным органом.

Конкурс проводится в соответствии с Правилоразначения и аттестации руководителя государственного предприятия, а также согласования его кандидатуры утвержденный приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года № 70.

Граждане, желающие принять участие в конкурсе, представляют в коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда следующие документы:

- заявление об участии в конкурсе;
- резюме на государственном и русском языках;
- автобиографию, изложенную в произвольной форме;
- копии документов об образовании;
- копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
- справка о состоянии здоровья по утвержденной форме.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы и т.п.).

Прием документов для лиц, изъявивших желание принять участие в конкурсе, заканчивается по истечении 15 (пятнадцати) календарных дней со дня объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации в коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда.

Конкурсная комиссия принимает решение о допуске подавшего документы лица к участию в конкурсе в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня окончания приема документов.

После утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе, проводится собеседование с участниками конкурса в течение 10 (десяти) календарных дней в коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда по адресу: город Кызылорда, улица Жахаева № 16. Телефон: 87242274032, 264311.

Лицу, занявшему данную должность, подъемные расходы не оплачиваются, жилье и льготы не предоставляется.

Конкурсная комиссия коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Конго-Қырым геоморрагиялық қызбасы – ауыр интоксикациямен, айқын геоморрагиялық синдроммен сипатталатын және иксодты кенелердің шағуы арқылы берілетін табиғи-ошақты трансмиссивті ауру. Латын тілінен аударғанда «геоморрагия» қансырау деген мағынаны білдіреді. Инфекцияның негізгі көзі – иксодты кенелер, олар вирусты трансмиссивті жолмен таратады және вирустың сақтаушылары мен аурудың тасымалдаушылары болып табылады.Вирустың уақытша резервуары – бұл ауылшаруашылық жануарлары (ірі мүйізді мал,кой, ешкі), табиғи биотопта – қояндар, кірпілер, құстар.

Адам ауруды зақымдалған кенелер шаққан, малды қырыққанда және оларды кенелерден қолмен тазартқан кезде кенелердің ішіндегісінің дененін ашық бөліктерінде түсуі нәтижесінде, науқастарды күткенде және оларға медициналық көмек көрсеткенде жұқтырады. Зертханалық жағдайда Конго-Қырым геоморрагиялыққызбасыныңқоздырғышымен жасағанда тамшылы-респираторлық жолмен жұқтыруы мүмкін.

Аурудың жасырын кезеңі 2 күннен 14 күнге дейін созылады. Аурудың басталуы желел, кейде кенеттен болады. Конго-Қырым геоморрагиялық қызбасының негізгі белгілеріне теріге қан құйылу, қызыл иек, мұрын, құлақ, жатыр, асқазан-ішек қан кетулері тән және дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агентігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күөлігі берілген.	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бейдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ШАХАНОВПЕН КЕЗДЕСУ ДЕ БІР БАҚЫТ...

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев казактың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановпен кездесті. Аймақ басшысы Сыр өңіріне арнайы сапармен келген ақынға алғыс білдіріп, руханият пен мәдениетке қосқан еңбегін ерекше атап өтті.



– «Ең алдымен, Мұхтар аға, Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстанның Еңбек Ері атануыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Бұл атақ егемен еліміздің рухани-мәдени дамуына қосқан өлшеусіз еңбегіңізге берілген лайықты баға деп білеміз. Сіздің қаламыңыздан туган «Жұбайлар жары», «Туған күн кешінде», «Гүл дәурен», «Мен саған ғашық едім» секілді тағы да басқа көптеген туындыларыңыз қалың жұртшылыққа кеңінен тарап, жүректерден өшпестей орын алды. Шығармаларыңыз 50-ден астам тілге аударылып, республикамыздың, шет елдерінің театрларында қойылып келеді. Ұлт руханиятына қосқан зор үлесіңіз үшін «Отан» ордені, Қазақстанның Халық жазушысы, Қырғыз Республикасының халық ақыны, тағы басқа атақ пен марапаттар иелендіңіз. Өзіңізге деген Сыр халқының құрметі, ілтипаты әрқашанда ерекше. Шығармашылық сапарыңызға құтты қалам, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Ғасыр жасаныз!», – деді аймақ басшысы.

Сыр жұртшылығы ақынның «Танакөз» шығармасының желісімен қойылған спектаклді Әзербайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының сахналауында тамашалады. Кездесу соңында аймақ басшысы Мұхтар Шаханов пен жұбайы Ханшайым Көкенқызына Сыр елі атынан ілтипат білдіріп, құрмет көрсетті.

КӨПІРЛЕР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Шіркейлі», «Жаңа-дария», Сыздық каналдарындағы көпірлерді қалпына келтіру жұмыстарын тексерді.

«Шіркейлі» каналындағы көпірді жөндеуді қолға алған



ҚОС ДИПЛОМДЫ БАҒДАРЛАМАҒА ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сеул ұлттық ғылым және технология университетінің президенті Дон Хван Киммен кездесіп, бірлесіп атқаратын жұмыстарды талқылады. Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова, жоғары білімді интернационалдандыру басқармасының басшысы Рауза Мәңдіалиева, университеттің халықаралық қатынастар бойынша вице-проректоры Тәхи Ким, ғылыми зерттеулер және жоспарлау бойынша вице-проректоры Сунуну Канг қатысты.

Облыс әкімі еңбек нарығының сұранысына сай мамандар даярлаудың маңызын атап өтті.

– «Қазақстан мен Корея Республикасы бірнеше жылдан бері ашық және сенімді қарым-қатынас орнатқан стратегиялық серіктес екені белгілі. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың жолға қойылғанына 33 жыл толды. Кезінде Қызылорда облысына қоныстанған корейлер, олардың ұрпақтары өздерінің адал еңбегімен аймақтың мәдени-рухани, аграрлық және әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келеді.

Екіжақты ынтымақтастық аясында өнеркәсіп саласына да көңіл бөлінген. Корейлік «With You E&C Kuzylorda» компаниясы тұрмыстық қатты қалдықтар өңдейтін зауыт құрылысын салуда. Құны 66,6 млн. АҚШ доллары болатын жоба екі кезеңде іске асырылады, 160 жұмыс орны ашылады. Тиісті жер телімі табысталып, мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

Арал маңында литийдің мол қоры бар. Бұл жөнінде Корея геоғылымдар және минералды ресурстар институты (KIGAM) президенті Пён-Ку Ли мырзамен кездескенде баяндадық. Аймақтың еңбек нарығына 28 бағыт бойынша маман даярлау қажет болады. Осы аталған салаларда бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын. Іссапарларыңыз табысты әрі нәтижелі болатынына сенемін», – деді Н. Нәлібаев.

Кездесуде Дон Хван Ким екіжақты ынтымақтастықтың дамыту және одан әрі нығайту жолындағы бірлескен іс-қимыл бағытына тоқталды.

2023 жылы Қазақстандағы Корея Республикасы Бас Консулдығының ресми шақыртуымен аймақ басшысы бастаған делегация Оңтүстік Кореяға барып, екіжақты кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастырылды. Сол сапарда СеулТех университетімен бірлм және ғылым саласында тиімді байланыстар орнатылды.

Нәтижесінде 2023 жылы қараша айында Қорқыт Ата университетінде Қазақстандағы алғашқы Жасанды интеллект институты ашылып, қазіргі таңда 100 студент білім алуда.

Өткен жылдың маусым айында екі елдің Мемлекет басшыларының қатысуымен өткен қазақ-корей форумында СеулТех және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті арасында қос диплом бағдарламасы бойынша кадр даярлау туралы келісімге қол қойылды. Биыл қос дипломды бағдарлама бойынша білім алушыларды қабылдау басталады.

бас мердігер «Жылу 21» ЖШС 24 аралық балка және 250 аралық плита орнатты, 4 аралықтың беті бетондалды. Арнасы тазартылып, бетон конструкциялары сырлануда. Жиектегі тіреулерге плита орнату және кірме жолды жөндеу қарқын алған. Құрылыс материалдары толық жеткізіліп, жұмысқа 20 адам мен 5 техника жұмылдырылған.

Сыздық каналындағы жұмысты да аталған серіктестік жүргізуде. Каналдың табаны мен жиектері тегістеліп, бетондалды. Құрылыс материалдары жеткілікті, көпір басында 12 адам, 3 техника жұмыс істеуде.

Жаңадария каналындағы көпірге «Best Stroi Grup инжиниринг» ЖШС құрылыс материалдарын жеткізіп, бетондап, сырлауда. Кірме жолға топырақ төселген. Қалпына келтіру жұмыстарын 26 адам, 4 техника атқаруда.

Аймақ басшысы ең бастысы сапаға мән беріп, жөндеу жұмыстарын мерзімінде аяқтауды тапсырды.

«ТӘУЕЛСІЗДІККЕ — 25 ЖЫЛ» АШЫЛАДЫ

Қызылорда облысында жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту және дамыту бағытында ауқымды жұмыс жүзеге асырылуда. Солардың бірі – облыс орталығындағы «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын қайта жаңғырту жобасы.

Өткен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралықтағы Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылып, 6,7 шақырым жол бөлігін қайта жаңғырту басталған болатын. Құрылыс-монтаж жұмыстарын «УАД» ЖШС жүргізуде. Мердігер мекеме асфальт төсеуді аяқтады. Сонымен қатар, Сырдарияның қорғаныс бөгеті тазартылып, 1,4 шақырымға жуық дамба күшейтілді. Қауіпсіздікті арттыру мақсатында тіреу қабырғасы тұрғызылды. Қазіргі уақытта асфальттың тегістеу қабатының 5,4 шақырымы төселіп, жарық бағаналары мен бағдарламдар орнатылуда. Даңғыл мамыр айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Айта кету керек, облыс аумағында 3545 шақырым автомобиль жолдары бар. Оның ішінде 1024,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1965,5 шақырымы – аудандық маңызы бар жолдар.

Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден 44 млрд. 703 млн. теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөнделді.

Биыл да бұл бағыттағы жұмыс жалғасын тауып, республикалық және облыстық бюджеттерден 35 млрд. теңге бөлінген. Осы қаржыға 329 шақырым автомобиль жолдарына, көшелер және көпір өткелдеріне жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Өткен жылдың қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 92,5% болды. Ал биыл бұл көрсеткіш 95%-ға жетеді.

Жол инфрақұрылымын дамыту – өңірдің экономикалық өркендеуі, тұрғындар игілігі үшін маңызды басымдықтың бірі. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жүйелі жалғасын табады.

Т.КӨМЕКБАЕВТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРНИРІ

ның қолдауымен көпсалалы дене-шынықтыру-сауықтыру кешенінің іргетасы қаланды. Жаңа нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, батырдың ұрпағы Ардашер



Алдағы мамыр айында бірқатар спорттық үйірмені қоса қамтитын «Шығармашылық академиясы» ашылады.

Спорт – мемлекетіміздің мерейін үстем ететін, тұрғындарды салауаттылыққа жетелейтін маңызды сала. Бүгінгі халықаралық жарыс өздеріңізге қарап бой түзейтін жастарымызды елжандылыққа тәрбиелеп, спорттағы бәсекелестікті қалыптастыруға, татулықты нығайтуға септігін тигізетін дода болады деп сенеміз. Жарысқа қатысушыларға сәттілік, шын мықтыларға жеңіс тілеймін», – деді Н. Нәлібаев.

Салтанатты ашылу рәсімінде

Шайымбетов сөз сөйледі.

Жарыстың қадірлі қонағы, қырғыздың атақты балуаны, Әлемнің екі дүркін, Азияның үш дүркін чемпионы, Олимпиаданың күміс және қола медальдарының иегері Ақжол Махмудовқа дөстүрге сай иығына шапан жабылды.

Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевтың есімін ұрпақ жадында қалдыру мақсатында жыл сайын түрлі шаралар өткізіліп келеді. Биылғы еске алу шарасының ерекшелігі – грек-рим күресінен халықаралық турнир тұңғыш рет ұйымдастырылуда. Бұған дейін батыр ұрпақтары үйлестіріп келген турнир биылдан бастап облыс әкімдігінің қолдауымен халықаралық деңгейде өткізілуде.

ДӘНМЕН БІРГЕ ЫРЫС, БЕРЕКЕ...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиегі ауданына жұмыс сапарымен барып, биылғы алғашқы дән себу іс-шарасына қатысты. Іс-шарада облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев, аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері де болды.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласының ардагерлерімен бірге қамба астыққа толып, шаруа еңбегі табысты болуына тілектестік білдірді.

Өрі қарай шара қонақтары ауыл шаруашылығы техникалары, тыңайтқыш, гербицидтер және тұқым көрмесімен танысты.

Егіс алқабында өткен жиын «Дала құні» семинар-кеңесімен жалғасты. Семинарда мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық басшылары саладағы өзекті мәселелерді баяндады.

Өткен жылы елімізде диқандарға көктемгі егін, күзгі жиын-терін жұмыстарына 5 пайызбен берілетін жеңілдетілген несие көлемі алғаш рет 500 млрд. теңгеден



асса, биыл бұл қаражат 700 млрд. теңге болды. Диқан қауымға «Кең дала-2» бағдарламасы арқылы қолдау көрсетілуде. Несиенің 85 пайызын «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры, тек 15 пайызын ғана шаруашылықтар кепілдендіреді.

Алдыңғы жылдары көктемгі жеңе күзгі дала жұмыстарын қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» небәрі 2-3 млрд. теңге бөліп келсе, биыл қаржы көлемі тоғыз есе артып, 18 млрд. 500 млн. теңгеге жетті. Одан бөлек, ауыл шаруашылығы саласын әртарاپтандырудағы ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін Солтүстік Қазақстан облысы тәжірибесі негізінде жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Биыл облыста су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін 9 200 гектарға жеткізу, өткен жылмен салыстырғанда 2 есе арттыру межеленген. Бұл бағытта да мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Жабдықтарды сатып алуға және құруға кеткен шығындардың 80 пайызына дейін мемлекет тарапынан субсидияланады. Соңғы жылдары 55 мың гектар күріш алқабы лазерлік тегістеуден өткізілді. Биыл 60 мың гектарға дейін жеткізіледі.

Өңірде 193 700 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған, оның 85,9 мың гектарына күріш себілмек. Ал майлы және малазықтық дақылдарды өткен жылға қарағанда 3 400 гектарға арттыру көзделуде.

Айта кетейік, биылтыр 189,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, 85,6 мың гектарға күріш егілген.

ҚҰРЫЛЫС ҚАДАҒАЛАУДАН ҚАЛЫС ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала аумағындағы құрылыс нысандарын аралап, алдымен «Көрме залы» орталығының құрылыс алаңына барды.

Одан кейін нан, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін кешендегі жұмыспен танысты. Бұл жобаға мемлекеттік қолдау ретінде 5 гектар жер беріліп, су және көріз жүйелерін жеткізуге қаржы қарастырылған. Жобаның I кезеңі биыл іске қосылады. Қазіргі таңда жұмыстың 80 пайызы орындалған. Нысанда 30-дан астам жұмысшы еңбек етуде, 10-нан астам техника бар.

Сол жағалаудағы жаңа стадионның шығыс және батыс трибуналарының металл конструкциялары орнатылып, қабырғалары мен ішкі бөліктері, сыртқы витраждары қалануда. Жылу, су, электр, желдету желілері тартылуда. Қазіргі кезде футбол алаңын жабдықтау және аумақты абаттандыру жұмыстары қолға алынған.

Физика-математика мектеп-интернатында ішкі өрлеу жұмыстары аяқталуға жақын. Нысанда техникалық жабдықтау мен аумақты абаттандыру қатар жүргізілуде. Құрылыс басында 150 жұмысшы мен 20 техника бар.

Сұрағым бар...

ДЕКРЕТ АҚШАСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ ШЕГІ ҚАНДАЙ?

Биылғы жылдың 8 сәуірінен бастап тәртіп бойынша әйел қанша табыс тапса да, енді бір жолғы декреттік төлем сомасы 2 249 100 теңгеден аспайды.

БАЛА ТУҒАН ӘЙЕЛДЕР ҚАНДАЙ ЖӨРДЕМАҚЫ АЛА АЛАДЫ?

Әйелдер үш төлемді алуға құқылы:

Аяғы ауыр болуына және босануына (декреттік) байланысты бір жолғы төлем. Жүктіліктің 30-шы аптасы басталғанда әйел адам декретке шығады. Жүктілікке және босануға байланысты демалыс ұзақтығы 126 күнтізбелік күнді құрайды (босануға дейін – 70 күн, босанғаннан кейін – 56 күн). Кейбір жағдайларда демалыс 140 күнге дейін созылады. Қиын босанған жағдайда немесе әйел екі немесе одан көп бала туса, мерзім ұзартылады. Төлем сомасы соңғы 12 айдағы орташа айлық кіріс негізінде есептеледі.

Бала босанғаны үшін берілетін бір жолғы төлем. Төлем сомасы заңмен бекітілген және бала санына қарай есептеледі.

Баланың бір жарым жасқа толғанша күтіміне берілетін ай сайынғы жәрдемақы. Төлем сомасы соңғы 24 айдағы орташа айлық табыс негізінде есептеледі.

Жұмыс істейтін әйелдер барлық төлемді алады және әйелдің табысына қарай есептеледі. Ал жұмыс істемейтін әйелдер бала туған кезде бір рет берілетін төлемді және бала күтімі бойынша бекітілген жәрдемақыны алады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2024 жылғы бала күтіміне байланысты көбірек төлем алғысы келген 113 келіншекке қатысты 16 қылмыстық іс қозғалған. Олар мемлекетке 158,4 млн теңге залал келтірген. Осындай заңсыздықтың жолын кесу үшін министрлік әйелдің бала көтеругіне, бала тууға және оны күтіп-бағуға берілетін ақыны есептеу тәртібіне өзгеріс енгізді. Өзгеріс 2025 жылғы 8 сәуірде күшіне енді.

СӘУІРДЕН БАСТАЛҒАН ЖАҢА ТӘРТІП ҚАНДАЙ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бала тууға байланысты жәрдемақыны есептеу үшін ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінен аспайтын орташа айлық табыс ескеріледі. Демек қазір бірнеше жерде жұмыс істеп, айына 595 мыңнан астам жалақы алған әйел ең көп дегенде 2 249 100 теңге (біржолғы) жәрдемақы алады. Оның 10 пайызы зейнетақы қорына аударылады.

Бұрын тек бір жұмыс берушіден алатын төлем сомасына қатысты ғана шектеу болды. Ол кезде бірнеше жерде жұмыс істейтін әйел әр жұмыс орнынан декреттік төлем ала алатын. Енді декреттік төлемнің жалпы сомасына шектеу енгізілді. Әйел қанша жерде істеп, қанша айлық алса да, бір рет алатын жәрдемақы 2 249 100 теңгеден аспайды.

Сондай-ақ, жұмыстан шыққаннан кейінгі аударымдар есепке алынбайды. Бұрын әйелдер декретте жүріп өз атына аударым жасап, жәрдемақыны өсіре алатын. Егер әйел жұмыстан шығып кеткен соң, немесе декретке шыққан соң оның атына сақтандыру қорына жасалған қосымша аударымдар бұдан былай есепке алынбайды. Бұл ереже декреттік төлемге де, бала күтіміне байланысты жәрдемақыға да қатысты.

Өзгерістер тек жұмыс істейтін әйелдерге қатысты. Жұмыс істемейтін әйелдер бұрынғыша мемлекет бекіткен мөлшерде жөргекпұл мен бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алады.

ДЕКРЕТТІК ТӨЛЕМ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Декреттік төлем бір рет төленеді және 12 айдағы әлеуметтік аударымдар есепке алынады. Әлеуметтік төлем мөлшерін білу үшін соңғы жылдағы орташа айлық табыс мөлшерін жұмысқа қабылетсіздік күндер санының тиісті коэффициентіне көбейтіп, 10% міндетті зейнетақы жарналарын шегеру керек. Еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициенті еңбекке уақытша жарамсыздық парағы берілген күндер санын күнтізбелік отыз күнге бөлу арқылы айқындалады. Мысалы, уақытша еңбекке жарамсыздық парағы 126 күнтізбелік күнге берілсе, онда коэффициент 126/30=4,2 тең болады.

Әлеуметтік аударымдарды шегергенде орташа 300 мың теңге жалақы алатын әйелдің декреттік төлемін есептеп көрейік. Бұл соманы 4,2 коэффициентке көбейткенде 1 млн. 260 мың теңге шығады. Бұл сомадан 10% зейнетақы жарнасы ұсталса, 1 млн. 134 мың теңге декреттік төлем тағайындалады.

ӘКЕЛЕР ДЕКРЕТКЕ ШЫҒА АЛАДЫ МА?

Аналармен қатар әкелер де бала күтімі үшін демалысқа шығып, әлеуметтік төлемдерді өз атына рәсімдей алады.

Еліміздегі Еңбек Кодексінің 99-бабына сәйкес, жаңа туған немесе асырап алған баласына күтім жасау үшін ер азаматтарға да үш жылға дейін жалақы төленбейтін демалыс беріледі. Олар бала бір жарым жасқа толғанша берілетін жәрдемақыны өз атына рәсімдеуге құқылы.

Бала күтіміне байланысты демалыс алу үшін жұмыс берушінің атына осы демалыстың ұзақтығын көрсете отырып, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы өтініш жазу керек.

Туу туралы куәлік немесе баланың дүниеге келуін растайтын өзге де құжатты ұсынады.

Жұмыс берушіден бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы бұйрықтың көшірмесін алу қажет.

Заң қызметкерден бала күтімі бойынша демалыс алып жатқанын растайтын жұмыс орнынан анықтама алып келуді талап етпейді. Дегенмен күмәнді жағдай туындаса, жұмыс орнынан анықтама сұралуы мүмкін.

Жұмыс істемейтіндер үшін бала 1,5 жасқа толғанға дейін берілетін әлеуметтік жәрдемақы қандай?

Жұмыс істемейтін әйелдер мен ер адамдарға төленетін баланың бір жарым жасқа толғанға дейінгі күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы мөлшері бекітілген:

бірінші балаға әр ай сайын 5,76 АЕК; екінші балаға әр ай сайын – 6,81 АЕК; үшінші балаға әр ай сайын – 7,85 АЕК; төрінші және одан көп балаға әр ай сайын – 8,90 АЕК көлемінде беріледі.

Быылғы жылға АЕК 3932 теңге.

Жұмыс істейтіндер үшін бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін әлеуметтік төлем мөлшерін есептеу үшін соңғы 2 жыл ішіндегі жалпы табысты 24 айға бөлу қажет, содан кейін 0,4-ке көбейтіп, 10% міндетті зейнетақы жарнасын алу қажет.

Мысалы, бала босанғанға дейін әйел, немесе ер адам 2 жыл жұмыс істейді, бір жыл ішінде оның еңбек-ақысы бір рет көтерілді. Бірінші жылы әйел, немесе ер адам 150 мың теңге алса, екінші жылы 200 мың теңге алған.

Бұл жерде қолайлылық үшін аталған сома барлық қажетті аударымды шегеру-мен алынған ретінде санайық. Зейнет-ақы жарналары, табыс салығы және т.б.

Жалпы табысты санаймыз: 12*150 000+12*200 000=1 800 000 + 2 400 000= 4 200 000 теңге

Алынған соманы 24 айға бөлеміз: 4 200 000/24= 175 000 теңге

175 000 теңге – табыстың орташа айлық мөлшері.

Баланың бір жарым жасқа толғанға дейінгі күтімі бойынша жәрдемақы мөлшерін есептеу үшін осы көрсеткішті

0,4 коэффициентіне көбейтіп, 10% зей-нетақы жарналарын шегеру керек, яғни: 175 000*0,4 = 70 000 теңге, 10% шегергенде босанған әйел ай сайын 63 000 теңгені алады.

Бала біржарым жасқа толғанға дейін ай сайын оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем 168 000 теңгеден аспауы тиіс. Бұл ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 40% x7 және жұмыс жасамайтын әйелдер алатын жәрдемақыдан төмен болмауы тиіс.

Бала күтімі бойынша демалыс алғанда жұмыс орны сақтала ма?

Бала күтімі бойынша демалыс уақытында жұмыстан айырылып қаламын деп уайымдамауға болады.

Еңбек кодексінің 104-бабына сәйкес, бала күтіміне байланысты демалыста болған уақыт еңбек өтілі ретінде есеп-теледі және кезекті төленетін демалыс ретінде есептеуге мүмкіндік береді.

Әке бала күтімі бойынша жәрде-мақы алуға өтініш беріп, басқа жерде жұмыс істесе бола ма?

Егер ер адам бала күтімі бойынша үш жылға дейін демалыс алып, ол 1,5 жасқа толғанға дейінгі әлеуметтік рәсімдерді өз атына рәсімдеген болса: Біріншіден, Еңбек Кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес жұмыс беруші әке-шешенің біріне демалыс беруге міндетті. Мұнымен қатар осы бапта бала үш жасқа толғанға дейін берілетін, жалақы төленбейтін дема-лысты қызметкердің толықтай немесе ішінара пайдалана алатыны көрсетіл-ген. Баланың әкесі демалысқа шыққан соң үш жылға дейін жұмыс орны сақталады.

100-баптың 4-тармағына сәйкес ер адам жұмысқа үш жылдан ерте шыққысы келсе, бұл туралы басшысына бір ай бұрын ескертуге міндетті. Әлеуметтік кодекс-тің 84-бабының 1-тармағына сәйкес, бала бір жарым жасқа толғанға дейін берілетін әлеуметтік төлем уақытша жұмысынан айырылған әкеге, немесе анаға беріледі. Яғни қызметкер жұмысқа шыққандықтан, төлем тоқтатылады.

Әлеуметтік төлем алып жүрген азамат мемлекеттік корпорацияға барып, жұмысқа шыққанын және енді әлеуметтік төлем берудің қажеті жоқ екенін ескертуі тиіс.

Қызметкер бала күтімі бойынша демалыстың аяқталуын күтпестен жұмысқа шыға ала ма?

Еңбек Кодексінің 56-бабына сәйкес, кез келген қызметкер өз бастамасымен еңбек шартын тоқтатуға құқылы. Алайда ҚР ЕК 100-бабының 4-тармағына сәйкес, бұл туралы басшылыққа кемінде бір ай бұрын ескертуі тиіс.

Яғни қызметкер бала күтімі бойынша демалыс аяқталмай жатып жұмысқа кірісе алады және керісінше жұмыстан шыға алады.

Жұмыс беруші өз кезегінде екі бұйрық шығарады:

жұмыс берушінің жазбаша келі-сімімен ЕК 56-бабының 2-тармағында көзделген хабарлама мерзімі аяқтал-ғанға дейін қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу туралы.

Жұмыс беруші жалақы төленбейтін демалыстан шыққан қызметкерді белгілі бір себептермен басқа қызметке ауыстыра ала ма?

Еңбек Кодексінің 38-бабына сәйкес, жаңа қызметке тағайындау басқа жұмысқа ауыстырумен тең саналады.

Жұмыс беруші үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған адамның еңбегіне ақы төлеу шарттарын қайта ұйымдастыруға немесе экономикалық, технологиялық жағдайлардың, еңбекті ұйымдастыру жағдайларының өзгеруіне және (немесе) жалғастыру кезінде жұмыс берушінің жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістерге байланысты ҚР ЕК-нің 46-бабында белгіленген тәртіп негізінде өзгертуге құқылы. Еңбек шарты талаптарының бұлай өзгеруі, егер лауазымы өзгермесе, басқа жұмысқа ауысу деп саналмайды. Мұндай өзгерістер болған кезде жұмыс беруші қызметкерге бұрын істеп көрмеген басқа жұмыстарды тапсырмағаны абзал.

Еңбек Кодексінің 54-бабы бойынша жұмыс беруші штат қысқарып, өндіріс көлемі азайса немесе экономикалық жағдайы нашарласа, еңбек шартын жоюға құқығы жоқ. Бірақ ол ЕК нормаларын сақтай отырып, еңбек шартын өзгерте алады. Ал егер қызметкер бұл шарттармен келіспесе, бұл жұмыс беруші еңбек шартын жойған болып есептелмейді.

Жалғызбасты әкелерге баланы тамақтандыруға арналған үзіліс Демалу және тамақтану, ауысым ішіндегі және арнайы үзілістермен қатар, бір жарым жасқа дейінгі баласын асаныз тәрбиелеп отырған әкелерге (асырап алушыларға) баланы тамақтандыру үшін әр үш сағаттан кем емес уақытта келесідегідей үзілістер беріледі:

бір баласы барларға берілетін әр үзіліс 30 минуттан кем емес;

Еңбек Кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес екі немесе одан көп баласы барларға 1 сағаттан кем емес үзіліс беріледі.

Қызметкердің өтінішіне сәйкес бұл үзілістер жұмыс күнінің басында немесе соңында жалпы демалыс пен тамаққа берілетін үзіліске қосылып берілуі мүмкін.

Еңбек Кодексінің 82-бабының 5-тармағына сәйкес, үзілістердің жұмыс уақытында берілгеніне қарамастан, қызметкердің орташа жалақысы сақталады.

Жоба

БІРЛЕСКЕН

КАРМАҚШЫ АУДАНЫ ІІІ ИНТЕРНАЦИОНАЛ АУЫЛЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН (ШЕГІН) БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасы Жер кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 108 – бабының 1, 5 – тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы»Қазақстан Республикасының Заңының 13 – бабының 4 – 1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6,31 – баптарына сәйкес, Кармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Кармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Осы бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасына сәйкес жалпы көлемі 536,0 гектар Кармақшы ауданы, ІІІ Интернационал ауылының шекарасы (шегі) белгіленсін және өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Бірлескен
Кармақшы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы«__»«____»
№__ қаулысына және Кармақшы аудандық мәслихатының
2025 жылғы «__»«____» №__ шешіміне қосымша

Кармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылы (шегі) шекарасы



Кармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылы жерлерінің экспликациясы

№	Елді мекеннің атауы	Жалпы алаңы, (гектар)	Егістік, (гектар)	Ағаш-ты бұталы екпелер, (гектар)	Жайылымдар		Ауыл шаруашылығы алқаптарының қорытынды (гектар)	Су ас- тында, (гек- тар)	Жол ас- тында (гек- тар)	Қуры- лыстар ас- тында (гектар)	Үй жанын- дағы жерлер (гектар)	Бас- қалар
					бар- лығы	оның ішінде түбегейлі жаксартылған						
1	ІІІ Ин- тер- на- ционал ауылы	536,0	76,0	3,0	174,0		253,0	3,0	33,0	4,0	44,0	199,0

СОВМЕСТНЫЙ

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ И ИЗМЕНЕНИИ ГРАНИЦ (ЧЕРТЫ) СЕЛА ІІІ ИНТЕРНАЦИОНАЛ КАРМАКШИНСКОГО РАЙОНА

В соответствии с пунктом 1, 5 статьи 108 Земельного кодекса Республики Казахстан, подпунктом 4-1) статьи 13 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», статьями 6, 31 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат Кармакшинского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ** и Кармакшинский районный маслихат **РЕШИЛ**:

1. Установить и изменить границы (черту) села ІІІ Интернационал Кармакшинского района с общей площадью 536,0 га согласно приложению к настоящему совместному постановлению и решению.

2. Настоящее совместное постановление и решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

Приложение к совместному постановлению акимата
Кармакшинского района
от «__»«____» 2025 года№__ и решению Кармакшинского
районного маслихата от «__»«____»2025 года №__

Граница (черта) села ІІІ Интернационал Кармакшинского района



Экспликация земель села ІІІ Интернационал Кармакшинского района

№	Наименование населенного пункта	Общая площадь, (гектар)	Пашня, (гектар)	Древесно-кустарниковых насаждений, (гектар)	Пастбищ		Итого сельскохозяйственных угодий, (гектар)	Под водой, (гектар)	Под дорогами (гектар)	Под постройками, (гектар)	Приусадебных земель (гектар)	Прочие
					всего	в том числе коренного улучшения, (гектар)						
1	Село III Интернационал	536,0	76,0	3,0	174,0	-	253,0	3,0	33,0	4,0	44,0	199,0

ОРАЗБАЕВ ШЕГІРТКЕЛЕРДІ ЖЕҢЕ АЛАДЫ МА?

Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы дақылдарына айтарлықтай қауіп төндіріп отырған зиянды жәндіктер мен карантиндік арамшөптерге қарсы күрес жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифинг барысында Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Мұхтар Оразбаев мәлімдеді.

Оның айтуынша қазіргі таңда аймақ аумағында калифорниялық қалқанша сымыры, қауын шыбыны секілді зиянды жәндіктермен қатар, жатаған у кекіре, сарышырмауық сияқты карантиндік арамшөптер де кеңінен таралған. Бұлардың барлығы егін шаруашылығына елеулі зиян келтіріп, өнім көлемін төмендетуі мүмкін.

2025 жылы жүргізілетін өңдеу жұмыстарының ауқымы да белгілі болды. Атап айтқанда жатаған у кекіреге қарсы 97,5 гектар, қауын шыбынына қарсы 1750 гектар, калифорниялық қалқанша сымырына қарсы 34,5 гектар, ал арамсоюға қарсы 427,87 гектар жерге арнайы өңдеу шаралары жүргізілмек.

– Зиянкестермен күрес жүйелі түрде әрі нақты жоспармен жүргізіледі. Осы мақсатта облыс көлемінде жұмыс тобы құрылып, маусымдық кезеңде шегіртке зиянкестеріне қарсы шаралар ұйымдастырылады. Аталған жұмыстарды үйлестіруге төрт жұмысшы топ жұмылдырылып отыр. Жалпы алғанда күрес шараларына 324 адам қатысады. Оның 230-ы жергілікті бюджет есебінен маусымдық зерттеуші ретінде тартылады, – деді Мұхтар Оразбаев.

Қазіргі таңда арнайы жоспарға сәйкес, болжам әдістемелік орталығы шегіртке зиянкестерінің қыстан аман шыққан күбіршектеріне көктемгі мониторинг жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл – зиянкестердің таралу ауқымын ерте анықтап, дер кезінде күрес жүргізуге мүмкіндік береді.

Өсімдіктерді зиянкестерден қорғау – сапалы өнім алудың және ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудың бірден-бір кепілі. Сондықтан мамандардың еңбегі мен уақытылы атқарылатын шаралар өңірдегі егін шаруашылығының өркендеуіне оң әсерін тигізетіні анық.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТӨЛЕМДЕРІ

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (Қор) 2005 жылдан бастап белгілі бір әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша деңгейін іске асырады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары төлеушілердің, яғни жұмыс берушілердің жұмыскерлер үшін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін Қорға төлейтін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптастырылады. Бұл ретте әлеуметтік аударымдар жұмыскерлердің жалақысынан ұсталынбайды, ол жұмыс берушілердің қаражаты есебінен төленеді.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыруда жұмыс берушінің жауапкершілігі іске асырылады.

2025 жылдан бастап жұйеге салық агенттерімен жасалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар (*бұдан әрі – АҚС шарты*) бойынша табыс алатын жеке тұлғалар кірді.

АҚС шарттары бойынша табыс алатын жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі олардың алатын табысы болып табылады, ал әлеуметтік аударымдарды төлеушілер - АҚС шарты жасалған салық агенттері болып табылады.

Әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемесі 2025 жылдан бастап 5% құрайтын болды. Бұл ретте, салық заңнамасына сәйкес, салық төлеушілер әлеуметтік салықтың есептелген сомасын Қорға төленген әлеуметтік аударымдар сомасына азайтады.

Әлеуметтік кодекске сәйкес, бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс. Егер бір төлеушіден күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі 1 ЕТЖ-дан аз болса, онда әлеуметтік аударымдар 1 ЕТЖ негізге алына отырып төленеді.

Осыған байланысты әлеуметтік аударымдардың ең төменгі мөлшері 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 4 250 теңгені (*85 000 теңге * 5%*), ал ең жоғары мөлшері – 29 750 теңгені (*7 * 85 000 теңге) * 5%*) құрайтын болды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне Қызылорда облысынан 214 мыңға жуық жұмыс істейтін азаматтар қатысып және өткен жылы өңірде 70,0мыңнан аса адам Қордан әлеуметтік төлемдер алды.

Жүйе Қордан тағайындалатын екі ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдерді қарастырады – жұмыскер жалпы еңбек ету қабілетінен айырылған кезде, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелері асыраушысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем алады. Бұл төлемдер бюджет қаражаты есебінен мүгедектігі,асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдер жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде индекстелетінін атап өту қажет. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап аталған төлемдер 6,5%-ға арттырылатын болады. Қызылорда облысы бойынша еңбекке қабілеттіліктен айрылған 3233 адамға және асыраушысынан айырылған 2748отбасыға әлеуметтік төлемдер автоматтандырылған режимде көтерілді.

2024 жылдың 12 айында Қызылорда облысында 4020 адам еңбекке қабілеттілігінен айырылуы жағдайына жалпы сомасы 1,3 млрд. теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 3048 отбасы 1,3 млрд. теңге сомасына әлеуметтік төлемдер алды.

Жүйеге қатысушы үшін маңызды қолдау - бұл жұмысынан айырылу себептеріне қарамастан, Мансап орталығы оны жұмыссыз

не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Жұмыс кестесі: Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алуды 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгін-ген жағдайда, өтініш қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алудының ЭЦҚ-мен куәландырылған жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекітуге өтініш;

2) электрондық жерге орналастыру жобасы.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға арналған

Қаладағы жол құрылысына пайдаланылатын құрылыс материалдарының сапасы – тұрғындар өмірінің жайлылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін маңызды мәселе. Осы орайда қалалық инфрақұрылым саласында ашықтықты қамтамасыз ету және сапа стандарттарын сақтау мақсатында БАҚ өкілдеріне арналған пресс-тур ұйымдастырылды. Пресс-тур аясында қатысушылар Қыран және УАД компанияларына қарасты асфальт-бетон зауыттарының жұмысымен танысты.

Шара барысында Жол активтері сапасының ұлттық орталығының инженерлік тобы зауыт аумағында тексеру жұмыстарын жүргізді. Ұлттық орталық мамандары асфальт-бетон коспасын дайындау процесін, пайдаланылатын материалдардың сапасын, техникалық регламенттерге сәйкестігін мұқият қарап шықты. Олар дайын өнімнен сынамалар алып, зертханалық талдауға жіберді.

Ұлттық сапа орталығының бірінші санатты инженері Қаппазов Асылбек тексеру жұмыстарының барысы туралы БАҚ өкілдеріне

мәлімет берді:

– Асфальт зауыттарын тексеру жұмыстары өңір бойынша жоспарлы түрде жүргізілуде. Жалпы облыс бойынша 23 асфальт-бетон зауыты тіркелген. Солардың барлығын қамту үшін бізге 1 сәуір мен 26 сәуір аралығында жұмыс мерзімі берілген. Министрліктің қолдауымен барлық зауыттарға алдын ала хабарламалар жіберілді. Қазіргі уақытта 15 зауытта тексеріс жүргізіп үлгердік. Қазір "Қыран" зауытындамыз. Көріп тұрғандарыңыздай, мұндағы өндіріс толықтай соңғы модельдегі заманауи құралдармен жабдықталған, – деді ол.

Инженердің айтуынша тексеріс барысында битумның тұтқырлығы, қиыршық тастың фракциялары, қоспаның ылғалдылығы мен құрылымы, шаң-тозаң мөлшері және басқа да техникалық көрсеткіштер ескеріледі. Бұл – болашақта жолдың сапалы әрі ұзақ мерзім қызмет етуіне негіз болатын факторлар.

Зауыт өкілдері өз кезегінде өндірістің ашықтығына дайын екендіктерін білдіріп, сапа

стандарттарын сақтау жолындағы жұмыстарымен таныстырды. "Қыран" және "УАД" компанияларының өндірістік желілері автоматтандырылған жүйемен жабдықталған, бұл адам факторын азайтуға және өнім сапасын тұрақты бақылауға мүмкіндік береді.

Пресс-турға қатысқан журналистер асфальт-бетон өндіру процесінің барлық кезеңін көзбен көріп, мамандармен сұхбаттасу арқылы маңызды мәліметтер алды. Мұндай ашық шаралар қоғам мен мемлекеттік бақылаушы органдар арасындағы байланысты нығайтып, тұрғындар тарапынан туындайтын сұрақтарға нақты жауап беруге септігін тигізеді.

Айта кету керек, соңғы жылдары елімізде жол құрылысы саласына қойылатын талаптар қатты күшейіп келеді. Сапасыз жол төсемдерін болдырмау үшін әрбір материал, әрбір технология қатаң бақылаудан өтеді. Бұл ретте Жол активтері сапасының ұлттық орталығы мен жергілікті өндіріс орындарының бірлескен жұмысы ерекше маңызды.

Қ.КУЛМШИШЕВА

ТҰЛҒАЛАР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Мемлекеттік қызметшілердің еңбекті, денсаулықты қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар. Бұл ретте азаматтармен қоса мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызмет бағыттарының бірі болып табылады.

Соның бірі мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту мәселесі департаменттің жіті бақылауында.

2023 жылы мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік органдарда жұмыс уақыты режимін сақталуына мониторинг жүргізу функциясы берілді. Ал мониторинг мемлекеттік органдарға бару, қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесін талдау арқылы жүргізіледі.

Бекітілген жоспарға сәйкес ағымдағы жыл басынан мемлекеттік органдарға бару арқылы 11 мониторинг жүргізіліп, 11 үстеме жұмыс жасау фактісі анықталып, департаменттің хаты негізінде мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.Сондай-ақ, қашықтықтан жүргізілген мониторингпен 51 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтіріліп, 117 сағат демалыс сағаттары берілді.

Бұдан бөлек мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органға жұмыс уақыты режимін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабы бойынша әкімшілік іс қарау функциясы берілді.Департаментпен осы жылы екі мемлекеттік органның басшысы қарамағындағы қызметшілерді тиісті актісіз үстеме жұмысқа тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Бұдан басқа Департаментпен Агенттік төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы №60 бұйрығымен бекітілген тәртіптік комиссияларының жұмысы туралы 1-ТК есептері негізінде тоқсан сайын мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне талдау жүргізіледі.Талдаумен 2 мемлекеттік органда заң бұзушылықтар анықталып, олардың қорытындысы Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралады. Нәтижесінде Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде 2 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Бұдан бөлек есепті кезеңде Департамент құзыреті шегінде (мәліметтер мен материалдарды сұрату, тексерулер жүргізу арқылы) 4 өтінішті қарап, оның 1-і негізделген.

Мәселен, азаматша «Д» өзінің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында Қазалы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысына қатысты бірнеше сыын жарияланым шығарып, онда желі қолданушылары тарапынан жағымсыз пікірлер жазылғандығы белгілі болды.

Осыған орай Қазалы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөліміне жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижесімен, аталған бөлімнің басшысы тарапынан Әдеп кодексі талаптары сақталмағандығы анықталды.Осыған сәйкес, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығымен лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік іс қозғалып, Әдеп жөніндегі кеңеске ұсынылды.

Әдеп жөніндегі кеңеспен қабылданған шешімнің қорытынды нәтижесімен лауазымды тұлғаға «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылау жұмыстарын жалғастыратын болады, сонымен қатар азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қадағалайтын болады.

Әлия Сатыбалдықызы ХОЖБАНОВА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша Департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

«ҚАУІПТІ ДАЛА ӨРТІ»

Дала өрті — бұл дүлей, бағынбайтын оттың өсімдіктер жамылғысы арқылы таралуы. Механизм жағынан оттың таралуы төменгі дала өртімен ұқсас, бірақ дала өртінің таралу жылдамдығы жоғары, бұған бірқатар факторлар, атап айтқанда құрғақ дала шөптерінің жануы және даладағы желдің қатты жылдамдықпен соғуы. Табиғи ортаға шығын келтіруі (өсімдіктер жамылғысына және жануарлар әлеміне) адамдарға және экономика объектілеріне, орман өртіне қарағанда аз дәрежеде қауіп төндіруі мүмкін.

Дала өрттерінің алдын алу шараларының ең тиімділерінің бірі — минералды жолақтар жасау болып табылады. Ол үшін Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері биылғы жылы жанадан 40 шақырым жерге минералды жолақтарды жыртыу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ 240 шақырым жердегі жыртылған ескі жолақтарды жанарту жұмыстарын кезең кезеңімен жалғастыруда. Дала өрттері дала топырағының жел эрозиясына, сондай-ақ шөп жамыл-ғысының тозуына ықпалын тигізеді. Дала өрттерінің негізгі себептері: антропогендік факторлар және оның ішінде шөптің жануы болып табылады. Найзағайлар және басқа да табиғи факторлар салыстырмалы түрде дала өрттеріне көп себеп бола бермейді.

Дала өрттері көктем мезгіліне тән, себебі, қар ерігеннен кейін өткен жылғы шөп кебеді, сондай-ақ жаздың және

құздің аяғы өте өртке қауіпті кезең болып есептеледі.

Дала өрттерін орман өрттерін сөндіру тәсілдерімен сөндіреді.

Өртпен күресудің негізгі тәсілдері: оттың жиегін сөндіру, оған топырақ себу, су құю (химикаттар), бөгеттер және минералданған белдеулер жасау, қарама-қарсы от жіберу (күйдіру).

Өрт адамның күнделікті өміріне және денсаулығына теріс әсер етеді, флора мен фаунаны жойғаннан материалдық шығындар болады және қоғам мен мемлекеттің мүддесіне зиян келтіреді.

Қазіргі уақытта аудандық ТЖ бөлімінің және Сырдария аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері дала өрттерің алдын алу бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде және халықты өрт қауіпсіздігі шараларына үйретуде. Осы жұмыстар — жалдынамалар тарату, бейнероликтер көрсету және мер-зімді баспасөз басылымдарында матери-алдарды жариялау арқылы жүргізілуде.

Өрттің шығуына себеп болатын ең жиі кездесетін себеп отты абайсыз қолдану. Сондықтан барлық табиғат пайдаланушыларды отты пайдаланған кезде қарапайым ережелерді қатаң сақтауға шақырамыз.

Т.АНДАБАЕВ

Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзету және қорғау жөніндегі инженері

Кітапхана

Бұл қожайынның үлкен қалалардың біріне іс-сапармен кеткен кезі еді. Болмаса сол үйдің бірінші қабатында бөлмесі бар Лиза мен үш мезгіл қожайынға шай, ас таситын Лолаханнан өзге жандардың ол үйге кірмек түгілі, сондай ойды ойлауларының өзі есіктайы болатын.

Сондықтан Байшұбар ойда жоқта үлкен үйге кіру мүмкіндігіне ие болғанына қуанды, әрі қорықты. Сыртқы қос есіктен кірген бойда оңға да, солға да, екінші қабатқа бастаған баспалдақтарға да төселген әр жерінде қызыл-жасыл гүлдері бар аппақ жолкілемдерді көріп, бірауық аңырып қалды. Дәліз толы қолдан өсірген гүлдер мен ағаштар. Қабырғаны тұтас алып салынған суреттер де, төбедегі моншақтай тізілген желбезектері асыл тастардай жалт-жұлт еткен аспалы шамдар да үлкен үйдің құдіретін биікке көтеріп тұрғандай. Кинолардан көргені болмаса, Байшұбар осындай сұлу әрі бай көріністі өзі босағасынан аттаған үйлердің ешқайсысынан ұшырастырған жоқ-ты.

– Мұнда жүріңіз, – деп Лизаның өзі қолтығынан іле жөнелмегенде жан-жағына аңыра қарап қанша тұрарын кім білсін... Келіншек бір тұстан қоныр түсті есікті аша беріп, қайта жапқанда, үлкен үрей сезгендей жүрегі дүрсілдеп тұрған-ды.

«Бұл бөлмеде не бар екен?» деп жан-жағына көз салып үлгірген де жоқ-ты. Кенет Лиза мұны қатты қысып құшақтап алғаны. Құшақтап қана қойған жоқ, өліп-өшіп сүйді.

– Бөлек бөлме сұрайтыныңызды білдім. Түсіндім-м... Бірден түсіндім, жаным... Бірақ олай етуімізге болмайды ғой... Мен өте... өте... ұялшақ жанмын.

Байшұбар үшін бұл бір көктен өз-өзінен құлаған арман секілді... бақыт сияқты... көрген түстей бір сәт еді. Сәлден соң-ақ әлдеқалай батылдық жеңіп, Лизаның албыраған бетінен, ақку мойнынан сүйіп жатқанда тұла бойы өз-өзінен дірілдеп... буындары босап кеткендей... әсерде еді.

Ұмар-жұмар құшақтасқан күйлері былғарымен қапталған диванға құлап түскен сәтінде де, түсі әлде өңі екенін анық болжай алмаған. Бірақ бір ақылы жеткен жері... дәл сол сәтте ештеңені ажыратып жатудың қажеті де жоқ екендігі жайлы еді...

...Екеуі сол түні Лизаның бөлмесінде түнеп шықты. Ертеңіне ертеңгілік асқа ғана Байшұбар амалсыз келген. Лолахан бірден сезген секілді. Қасық пен шанышқыны мұның алдына тарс-тұрс еткізіп, лақтырып тастағандай етіп қойды. Күндегілей жайдары күлкісі жоғалған. Қабағы қатулы. Бірақ тамақтарын берді.

Шертай малқора жатқан асханаға кешегіүлдеп келген. Ол да бірден сезгендей. Бірақ ләм-мим деместен ағасына бір қырындап, тоң-теріс отырды. Байшұбар да оған бірден деуге асықпады.

Екеуі бөлмелеріне келіп, бірауық демалған болып, төсектеріне қатар жатқан сәтте де артық-ауыс сөзге барған жоқ.

Бұл күні Лиза да үлкен үйден шықпай қалды. Өзгелерге көрінуге ол да ұялған секілді.

Інісімен екеуі екі төсекте қатар жатқан сәтте де Лизадан басқа ешкімді ойлаған жоқ. Лизаның алабұртқан ақсары жүзі мен күлімдеп тұратын қап-қара көздерінен басқа ештеңені көрмеді. Мына дүниені... өзгелерді түгел ұмытты...

Анда-санда орнынан түрегелгендегі айналысатын ісі де қызық. Шыға беріс қабырғаға ілінген дөңгелек айаның алдында тұрып, өз пішінін енді көрген жандай ұзақ қарайды. Сосын төс қалтасынан шолақ тарағын шығарып, шашын тарайды. Кейде бетінің әр жерін саусақтарымен сипап тұратыны да бар.

Ауылда жүргенде айнаға қараса-ақ, қап-қара боп тозып, әлдеқайда қашуға кейімделгендей, үрпиген шаштарының өзі үрей туғызғандай жүдеу жүзінен шошып кететін де, екі-үш айға дейін қайтып айнаға қарамай қоятын. Ендігі тұр-тұрпаты басқаша... Рең кірген. Қазіргі қалпында жай әдемілікті былай қойып, «осы мен сұлу жігіттердің қатарына қосылмас па екенмін» деп те дәмеленуіне болатын секілді.

Байшұбардың осылай ойлаған сәттері де болды да.

Сәске кезінде үлкен үйге Байшұбар өзі кірді. Жұрт не десе о десін, қалай ойласа олай ойласын, оның барлық ынта-ықыласы дәл бүгін Лизада ғана еді. Басқа нәрсе ойына кіріп те шығар емес. Қандайда бір іс атқаруға да ынтасы жоқ. «Жұмыстан ойда жоқта шығып қалып жүрмеймін бе?» деген қатерлі ой да тоқтата алмады. Елеуреп, ентелеп алған қазіргі қалпында өзін алаңдатар күш бар деп те ойламады.

Лиза бөлмесінде жалғыз екен. Мұның келуін күтіп және қалайда келетінін біліп, сеніп отырған жандай, Байшұбар қоныр есікті айкара ашып кіре бергеннен-ақ орнынан үнсіз түрегеліп, құшағын жайып, қарсы жүрді...

Түскі тамақтан соң да інісімен екеуі төсектерінде ұзақ уақыт үнсіз жатқан. Үнсіздікті Шертай бұзды.

– Таң ата түсімде Шырай жеңешемді көрдім, - деді ол өкпелеген үнмен тонтеріс сөйлеп.

Байшұбар үндемеді. Мырс етіп күліп жібергісі келіп жатып-ақ өзін-өзі тоқтатты. Ішінен: «Ақымағым-ау, ағаңның сондай келіншекпен көңілдес болғанына мақтанбайсың ба? Алақайлап қуанып, кол шапалақтап, мээ-мейрам болмайсың ба? Сондай аруды аймалап құшқан мына жаман ағаңды пайғамбардай сыйлап, құрмет тұтпайсың ба?» - деп ойлады. «Ойда жоқта жеңгесі түсіне кіре қалыпты. Ойбай-ау, Лиза кім? Шырай кім? Тоғайдан жаңа ғана арып-ашып, отын арқалап келгендей алқа-салқа жеңгесін...»

Байшұбар бір аунап түсіп, теріс қарап жатқан күйі өз-өзінен күлімсіреді. Інісінің айтқаны да, Лолаханның таңертеңгілік алдына қасық пен шанышқыны лақтырып тастағандай етіп, тарс-тұрс қойғаны да, қыртына кірсе кәнекей... Тап қазір де көз алдында ұйқыдан жаңа ояңғандай албырап, ақку мойынды Лиза оның көз алдында тұрды.

Байшұбар Лизадан өзге ешкімді көрмеді. Тыңдамады. Естімеді.

Естімедім дейтіндей де бар. Інісі таң алдында көрген түсінің жыры біткеннен кейін де, бырк-бырк бірдеңелер айтып жатқан. Сол сөздердің біреуі де мұның құлағында қалған жоқ.

Байшұбар теріс қарап жатқан күйінде-ақ рақат сезімге бөленді. Жын соғып кеткендей тағы да өз-өзінен күлімсіреді. Аяғын созып, сондайлық ләзатпен керіліп, есінеді. Сосын түнімен шала ұйқы болған бейбақ өз-өзінен маужырап, пыс-пыс етіп, рақат бір ұйқыға кетті.


...Бұл Байшұбардың мына дүниенің

қуанып отырып оқыған Шертай, Шырай-дың хатын оқу үшін өзінен кейін ағасының күтіп отырғанын да ұмытып кеткен еді.

Ол оқып болған соң да хатты бірден Байшұбарға ұстата салған жоқ. Хаттың әзер оқылатын шимай-шатпақ жазуларына қарап отырып езу тартты. «Осы Шырай жеңешем нешінің класты бітіріп еді, өзі? Әй, төрт кластан аса қоймаған-ау». Сосын шимай-шатпақ жазуларды менсінбей отырып-ақ інілерінің есі шығып қуанған, шаттықтан қосыла тақпақ айтып кеткен жерлерін шұқшиып қайтадан оқыды.

Сосын кезек күтіп телміріп отырған ағасының қолына хатты ұстата салып, өзі асығыс сыртқа шыққанда Шертайдың аққұба жүзінде қуаныштан қан ойнап, бүгін ғана Ұзынарықтан келген жандай көздері нұр шашып, күліп тұр еді. Аяғын кең адымдап малқора жаққа жүре бергенде, ағасының ауылға жіберілетін ақшадан бес мыңдықты қымқырып қалғаны сап етіп, есіне қайта түсе кеткені.

«Ойпырмай, сол кездін өзінде-ақ



ешқандай да бақытына айырбастамайтын ғажайып күні... таңғажайып сәттері еді...

Орыс жаңа жылының қарсаңында Шырайдан тағы хат келді.

Әуелі Лиза оқып шығып, сосын бұларға әкеліп, Байшұбарға ұсына берген хатты Шертай жолдан жұлып алды. Бұл - Лизаға емес, «сенің бұл хатты оқуға хақын жоқ» дегендей Байшұбарға көрсеткен сесіі-тін.

Лиза «қайнысының» бұл мінезіне кендік танытқандай езу тартып күлді де қойды. Ал Байшұбар кәдімгідей бүгешектеп, төменшіктеп қалған. Бүгешектегені ғой: «Ия, сен оқышы, Шертайдаң, мен тыңдайын», -деп міңгірлегені.

Шертайдың қисықтығы да едәуір еді. Ағасына ерегісіп, хатты әдейі ішінен оқыды. Бұл жолғы хат өте ұзақ-тын. Өйткені Шырай бұлардан барған ақшаны алу қуанышымен бірге, ақшаға не сатып алғанын, кімдерге қарыз бергенін, кімдердің алашағынан құтылғанын қалдырмай жазыпты. Жеңгесінің қанша кило ұн, күріш, картоп, кант сатып алғандарына дейін тізіп айтқан соң-ақ не дейсің... Бірақ соның бәрін түгел айтуы Шертайды жалықтырған жоқ. Қайта сол ұнды да, күріш пен картопты да үйге өзі арқалап апарып, кіргізіп бергендей қуанып, әлденіп отырды. Жеңгесі мен інілері үшін босағаға осынша ризық кіргізгеніне кәдімгідей марқайды. Мақтанды. Ал Шырайдың өзіне, Әліқұл мен Бейсенге алған киім-кешектері ше? Інілерінің екеуі бірдей күпәйкейі болыпты. Екеуіне бірдей іші жылы бөтенке, қастөм-шалбар, көйлек пен ішкіімдер... құдайым-ау, жеңгесінің осынша мылжың екенін бұрын-соңды аңғарашы... Оралып келіп өзінің алғандарына қайта тоқталыпты. Көйлек-жаулық... Үй маңына қыста қиетін жеңіл куртка, жүруіне жайлы жайтабан етік...

Осынша шұбаған тізімді оқығанда Шертай ішінен: «Біз осының бөріне жететіндей мол ақша жіберіп пе едік, өзі?.. Жүз қырық мың теңге... Оның да бес мыңын Байшұбар алып қалған. Сонда жүз отыз бес мың теңгеге осынша мүлік сатып алып жүрген Шырай жеңешемнің қолы қандай берекелі еді? Енді екі жүз мың сомды салған кезде жеңешем Ұзынарық ауылындағы ең бай келіншек болып отыратын болды-ау. Бәрінен де ауылымыздың... көрші ауылдардың бәрі жеңешемнен қарыз алуға шұбайтынын айтсайшы» -деп ойлады.

Хатта ауылдағы өзге ағайындардың жай-күйі де егжей-тегжейлі айтылыпты. Тұмауратып жатқандар... Тұмаудан енді басын көтергендер... Ұрыға мал алдырғандар. Азық-түлігін тауысып, жүгері көже мен асқабаққа қамалғандар.

Ең соңынан соғымдарын сойып, уайым-қайғысыз отырған екі-үш ток отбасы жайлы айтуды да ұмытпапты.

Осының бәрін ішінен көңілі толып,

Желтоқсанның соңын ала бастаған қар, орыс жаңа жылынан кейін де үздік-создық жалғасты да, үлкен жұмыс аула тазалауға арналды. Шокша сақал Асаділләмен қосылып, Байшұбар мен Шертай да ертеден кешке дейін қар күреумен болды.

Осы күндері алыс қалалардан сапардан қайтқан қожайындарын бұлар екінші рет көрді. Сәске уақыты болатын. Таңертеңнен қар күреп жатқан екеу бусанып, терлеп, бір сәт тыныстаған. Байшұбар мен Шертайға қосылып күрегінің сабына сүйеніп тұрған шокша сақал Асаділлә кенет иегін үлкен үйге қарай шошаң еткізіп:

– Қ-қо-ожа-а-й-ын-н, - деді сыбырлап, әрі тұтығып. Қожайын басқыштан төмен түсіп келеді екен. Жүріс екпініне қарап, тура өздеріне келетіндей болып та іштерінен дәмеленіп еді. Жоқ келмеді. Тіпті жүзін бұларға бурмастан ауланың темір қақпасына қарай беттеді. Үстінде қоныр дубенка. Аяғында қыстық етік. Таза ауа жұтуға шыққандығы болар, темір қақпаны жағалап әрлі-берлі жүре бастады. «Барып

ЖҰЫЛАННЫҢ

Т.Нұрмағанбетов

сәлемдессек қайтеді?» дегендей Байшұбар қозғалақтап, інісіне қарағыштап еді, Шертай сыр бермеді. Ахмет қожайын да бұлардан сәлем дәмөтіп әуре болмағандай әрлі-берлі жүрді... жүрді де, аяздаған қарды қарш-қарш басып келіп, қайтадан басқышпен жоғары көтеріліп, үлкен үйге кіріп бара жатты.

Асаділлә қожайынның көзіне түсіп қалғысы келгендей, әуелде ол төмен түсіп келе жатқанда-ақ қар күреуге қаркынмен қайта кірсеңде, оған Байшұбар да ілескен. Қожайынның жүрісін бағып, оған кірпік қақпай ұзақ қараған Шертай ғана болды. Қожайын үйіне қайта беттегенде барып, қар күреп жүргені енді есіне түскендей, қолындағы күрегің омбы қарға қарш-қарш салып іске кірісіп кетті.

Ахмет үйде болған кездері Байшұбар мен Лизаның арасындағы байланыс біраз үзіліп қалды. Өйткені ендігі жерде үлкен үйдің табалдырығынан аттау туралы ойлаудың өзі қатерлі еді. Бөлмеде болса да Шертай бар. Осылай бірін-бірі сағынысқан күндердің бірінде Лиза таза ауа кіргізу үшін терезесін ашқан сәтте, Байшұбар да қабаттасып өмірі істемеген әдетін жасап, терезесінің бір жақтауын ашқан. Сондағы бір-біріне ұзақ сүзіліп, үздігіп қарағандары-ай... Терезелерінің бір-біріне қарама-қарсы болғаны да қандай бақыт еді. Ләм-мим тіл қатысу жоқ. Бар болғаны - бір-біріне қарады да тұрды. Содан бір кезде Лиза бұған күлімсіреп оң қолын ептеп көтеріп, бұлғап еді. Байшұбар да асып-сасып, әуелі сол қолын, сосын оң қолын көтергені. Лизаға ұқсап күлген де болды.

Ғашықтық дегеннің не екенін де Байшұбардың анық сезінгені осы сәт болды-ау шамасы. Екеуінің солай қанша тұрғандары да анық есінде жоқ. Ақыры Лиза оң қолын қайта бұлғап, күлімсіреп тұрып терезесін жапқан кезде, бұл да терезесін жауып қоюды ұмытқан жоқ.

Артығына күні бойы қар күреп, бөлмеге кірген інісінің: «Терезені осынша ашқан кім? Бөлменің іші даладай азынап кетіпті ғой», - дегенде де Байшұбар үнсіз тұра берді. Не деп уәж қайтаруды ойлаған да жоқ. Өйткені оның барлық ынта-ықыласы ана үлкен үйдің қарсы терезесінде болатын.

Сол күннің кешінде Шертай аттарға жем-шөп беру үшін асығыс тамақтанып, асханадан ертелеу шығып, Байшұбар жалғыз қалып қойғанда Лолахан қызғанышын білдірмеген болып, жанында отырып шай құйып, ұзақ әңгімелесті. Сондағы сыпайылап жеткізген бір сыры - Лолахан қожайынның әуелгі нақсүйері екен де, Лиза кейінгісі екен. Тіпті Лизаның шын атының Лойләгул екенін де Байшұбар осы жолы Лолаханнның аузынан естіді.

Әуелде ол «қызғаныштан шатып жүргені ме екен» деп іштей Лолаханды кінәлаған. Бірақ ғашығының жайын көзі ұйқыға кеткенше ойлап, ертеңіне ояна сала тағы ойлап, ақылға салса, өтірік құрастыратындай ештеңе жоқ сияқты. Бір қызығы - осы әңгімеден кейін де Лизаны жек көріп, болмаса Лолаханды жақсы көріп кеткен ештеңесі жоқ. Ал қожайыны туралы көп ойлаудың өзі үрейлі секілді көрінді де, қайтадан Лизасын есіне алды. Есіне алмасқа амалы да жоқтай халде еді...

Ағайынды екеуінің арасындағы дұр-дараздық көктем шыға беріп басылды. Оған себеп болған жай - Шырайдан келген үшінші хат еді. Хаттағы жазуына қарағанда, бұлардан барған кезекті екі жүз мың теңге бүкіл ауылды дүрілкітіріп жіберген. Шырайдың берген құдайы шайының үстінде: «Ойбай, Қауынбайдың екі баласы бірдей табысты жұмысқа кезіккен екен. Енді Ұзынарықта олардан бай ешкім болмас» деп дабырласыпты. Тіпті бұлардың салған екі жүз мың теңгесін екі миллионға айналдырып жіберіп, ана ауылға, мына ауылға апарып гүілдетіп таратқандай да табылыпты.

Шырай конверттің ішіне екінші класта оқитын Әліқұлдың шимай-шатпақ жарты бет хатын да қоса жіберген екен. Бұлардың

көңілін бұзған осы хат болды.

«Көке, Шертай аға» деп бастапты ол хатын. «Сендер неге қанықолға кел-мейсіңдер? Біз сендерді қатты сағындық. Кеше Бейсен «Көкеме, ағам барамын» деп жылады. Сосын апам да жылады. Ол екеуі жылаған соң мен де шыдай алмадым. Мен де жыладым. Сендер неге хат жазбайсыңдар? Жұмыстан қолдарың тимей ме? Қанықолға келсендерші. Бейсен екеуміз алдарыңнан шығар едік. Әліқұл».

Шырайдың хатын оқыған тұста, ауылдастарының даңғойлығына да дән риза болып, желпініп отырған ағайындылар Әліқұлдың хатының тұсында басылып қалды. Екеуі екі жаққа қарап томсырайып, бірауық үнсіз отырысты да, бір кезде Шертай пырс-пырс жылады.

Әуелде үнсіз егіліп отырып өз кереуетінің бас жағындағы тұмбаның үстінде сүйелі тұрған жеңгесі, інілерінің суретін қолына алуы мұн екен - қатты еніреп қоя бергені.

Байшұбар інісін жұбатарын да білмей, өзі қосылып жылай берудің де ретін

УЫ

таппай, абдырап қалған. Шертай сол жы-лап отырған қалпы, бір кезде бұған оқыс бұрылып:

– Кетейікші, аға! - деп қорс ете қалғаны.

– Қайда?

– Ауылға-а... Осы істегеніміз, осы тапқанымыз да жетер...

Тап осындай әңгіме басталарын күтпе-ген Байшұбар қапелімде сасқалақтап қалды. – Шертай-ай, мұндай жұмысты қайтып таба алмаймыз ғой.

– Табылмаса қойсын. Осындайда жұ-мыс бола ма? Ауылыңа хат жазуға бол-майтын... Суретке түсіп, оны үй-ішіне жіберуге болмайтын.

Шертай пырсылдаған күйі есіктен шығып кетті. Ағайынды екеуінің арасын-дағы осы әңгіменің немен тынарын да білмеген Байшұбар, әрі-сәрі күйі бөлмеде жалғыз өзі үрпііп отырып: «Шертайдың жылап жүргенін көріп қалса, аналар не ойлайды?» деп үлкен үй жаққа да көзінің астымен анда-санда бір қарап қояды.

Осы оқиғадан кейін ағайынды екеу е қайта жақындасты. Алғашқы хаттың тұсындағыдай асханада ас ішіп отырып, бөлмелерінде демалып жатып та, шүйіркелесіп, күбір-күбір әңгімелесетін болды. Сондағы айтатындары - Ұзынарық ауылындағы ауылдастары, үй-іші жайы еді.

Араларының жақындасқаны сонша-лық, екеуі малқорада аттардың астын тазалап, жем-шөп салып жүріп те ағаш астаулардың ернеуіне қатар отыра кетіп, ауылдары жайлы бұрында да әлденеше айтқан әңгімелерін қайта айта беретін-ді. Сағыныштан қуса болған осындай бір сәтінде Шертай: «Бізді ел-жұрттан бөлген осы малқораны Тоқашбай ағам ұқсап, лаулатып өртеп, кетіп-ақ қайар едім... шөп пен жем кетсе қайтер дейсің, байдың мүлкі ғой. Мал кетсе де басқа тұлпарлар табылар... Қапияда Лиза жеңем күйіп қала ма деп уайымдап жүрмін...» дегенде, Байшұбар қатты қызарқтап қалды. Туған інісінің алдында осынша төмендеуі де кішігірім қорлық сияқты еді.

Інісі біле білсе... үлкен үйдегі бөлмеде омырауынан әтір ісі аңқыған сұлулды құшып жатып та, бұл екеуінің қамын жеп жатпады ма? Қожайындары жайлы сыр тартып, жыланяны уынан дәрі жасайтын кісі екенін білді ғой. Бірақ бұл жаңалықты естігенде «ел-елдің арасына сауда жасайтын алпауыт бизнесмен бе десем...» деп Ахметті қосыманып қалған. Байшұбардың осы ойын құшағында жалаңаш жатып-ақ анық аңдаған келіншек: - Сіздерге керекті ақшасы емес пе? Қожайынның немен айналысатыны не үшін керек? Солай емес пе? - деп сикырлы, сыңғыр күлкісімен мұны негізгі әңгімеден алыстатып әкеткен.

Бірақ Байшұбар қожайын жайлы ойдан қанша алыстап кетсе де, ол Лизаны сыңғыр, мол күлкісінен соң да, қайта оралып келіп: - Бізді ауылға аз күнге жіберіп алмайсыңдар ма? Қайтып оралайды деп қорқасыңдар ма? Ақша адамды алыстатпайды. Қайта ораламыз - дегені бар. Сонда келіншек бірауық үндемей қалды. Тіпті көзін, жүзін мұң шалғандай болып жатты:

– Күзде барасыңдар ғой, - деді қайта-қайта мазалай берген баланы жұбатқандай күйде, болмашы езу тартқан болып.

Лизаның айтуы бойынша жыл сайын у дәріге сұраныс артып отыр екен. Адамдар бай елдерден де, кедей елдерден де келіп жүрген көрінеді. «Мәселен мына жігіт табысты үлкен фирмасы ойда жоқта бан-кротқа ұшырағаны үшін дәрі сатып алуға келіп отыр» деп ұзынбойлы жігітті сырты-нан көрсетті.

Байшұбар сонда терезеден әлгі жігітке ұзақ қарап тұрғаны бар. Бірақ сонша қарағанда әлгі жігіттің өлмек болған себебін түсіне алмады. Өйткені оның үстіндегі дубленка, қастөм-шалбары мен аяғындағы жалтыраған қара тепліді базарға апарып сатса, түскен қаражатпен Ұзынарық ауылының бір үйін екі жыл асырауға болар еді.

Жалғасы бар

Ақмешіт Ақшамы



Кезінде мешіт ұстап, бала оқытқан Жаңабай молда Садақбайұлының есімі өз ағайындарының арасында да атала бермеді. Қуғын-сүргін тағы басқа жағдайлар оның бірде Өзбекстанға, енді бірде Жанаталапта тұрақтап қалуына себепкер болды. Ол кісі кезінде Бұхардағы медреседе тәлім алған деседі. Өзі туып өскен «Майлыөзек» (Түпбөгет) пен «Жанаталап». Аққыр ауыл бетінде жұртшылықтың күшімен салынған «Жанабай» мешіті 1924-1930 жылдарға дейін діни, рухани орталық болыпты. Сол уақыттағы еккен ақегісінен мол өнім алғаны айналасындағыларға қызғаныш тудырып, Жаңабай молданың үстінен арыз жазылып, Тамды ауданынан бірақ шығады.

әйелінен Рабиға, Шахмұхтар, Ұзайырды көреді. Айтпақшы Жаңабайдың шешесі құлыс кетенің қызы (атақты сынықшылардан шыққан). Рабиғасы Тамды жігітіне тұрмысқа шығып, үйлі-баранды. Молда «Жанаталаптағы» сарыбай, сарғасқалар арасында силас болып, өмір сүрген. Сол тұста Нәби мақсұм колхоздың клубы мен мектеп үйін салуға бет бұрған кезі болса керек.

АҚЫН ЗЕЙНУЛЛА

Кезінде Кармакшы (Қорқыт Ата) өңірінде жүз жырау шыққан. Әсерлеп айтса да шындық. Сондай-ақ ел аузында «... Өн мен жыр Кетелерге қонып, Шөмекейлерге түстентген», – деген

Тоқмағамбетовке, Тұрмағамбеттің бала-сы Әбдіруаққа, Үбісұлтан Аяповқа арнаған және белгілі жырау Көшеней Рүстембекұлының қазасына орай анасы Әнафияға айтқан көңілкосын, 1966 жылы Кармакшы ауданының Кармакшы совхозындағы қойлардың өліміне байланысты «Коммунизм шамшырағы» газетіне жазған фельетоны, басқа да өлендері осы басылымда жарияланып отырған.

Зейнулла Жаңабаев өлең жазумен қатар Бұдабай, Абакан Кете Аманжол, Есенжол тағы басқа да ақын-жыраулардың мұраларын жинаған. Ақынның «Жастарға үгіт» атты (1975 ж.) өленінде жастардың тәрбиесіне баса назар аударуға, оларды арақ ішуден аулақ болуға шақырған.

Шахмұхтар Жаңабаев сабақ берді. Бүгінде оның шәкірттерінің жасы 80-нен асып кетті. Шахмұхтар ағайдан білім алған Зордан Салықбаев (1967-1970) онымен бірге ұстаз болды және ағайымыздың үмітін ақтаған ақын, белгілі азамат болды. Өзім де Шахмұхтар ағайымыздың шәкірттерінің бірімін.

Қай жылы екенін ұмыттым (1971-1973) Аққыр мектебіне телефон шалып, Зорданды іздеген едім. Сонда телефон алған Шахмұхтар ағай менімен сөйлесіп, қауқылдасып қалған едік. Ш.Жаңабаев ағаймен көп кездесіп, әңгімелесе алмадым. Өйткені менің қызметім Тереңөзекте болды.

Ол Жаңаталаптағы ауыл ақсақалдарының бірі, жұртшылыққа сыйлы Сүлей

тұрғанын көрген ол алдымен шынтағы шыққан қыздың қолын сипай отырып басып қалғанда, қыздың қатты дауысы шығып кетеді. Қолын қарап отырған Зайыр да сасып, не болды дегендей студент қызға қараса, аға саусағын орнына түсті деп қуана жүгіреді. Осынау ісінен қанат біткен ол, басқа да студенттерді қарап, шыққан жерлерін орнына түсірген екен. Міне, содан бері Зайыр атына «Емші Зайыр», «Зайыр сынықшы» қосыла аталатын болды.

Құрдастарының шығарғаны ма, болмаса шынында да солай болған ба, колхозда веттехник қызметін жана бастаған тұста, бір шопанның қозысы аяғын сылттып жүре алмай тұрғанын көріп, жас қозының сылттыған аяғын қарап, қолымен сипай, тартып қалғанда қозының шыққан аяғы орнына келген болу керек, әуелде ауырсына басқан қозы, енесіне қарай жүгіре шауып кетеді. Сол оқиғадан бері біраз мезгіл өтті. Осы жылдарда Қызылорда облысының ауданы мен қалаларынан, тіпті көршілес жатқан Өзбекстанның Тамды, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан келіп емделгендер қаншама дерсіз.

Ата-анасы кітап ашып қойған Ұзайыр аты, бүгінде қысқара келе Зайыр аталып, ол да елге өзінің зайырлық келбетін көрсеткен білікті сынықшы болды. Әкесі Жаңабай молда аталса, үлкен ағасы Зейнолла ақын, Шахмұрат ұстаз атанған онегелі шаңырақтың бірі.

Көптеген ақындар Зайырға өз жырларын арнаса, қоғам және мемлекет қайраткері болған кейбір азаматтар алғысын білдіріп келеді.

Ұзайыр (Зайырдың) құдай қосқан қосағы Сәуле Омарова (1947), балалары Айгүл, Саттар, Асылбек, Балғабай, Айнұр, Кенжаділ туған. Осылардың ішінде Саттары сынықшылыққа әуес деседі (айналысады).

Еңбек ардагері З.Жаңабаев 1992 жылдан Қызылорда қаласында тұрды. «Еңбек ардагері» басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.

Оның айтуынша алғаш рет сынық-шылықты 1952 жылы «Қаратөбеде» (қазіргі Мәдениет ауылы) ағасы Шахмұраттардың үйінде болғанда көршісінің бір баласының саусағы сынып, соны салдыруға шешесі келіп, “сенің қолыңның ұсынағы бар деп есіттім, көріп берші!” депті. Содан жайлап отырып баланың саусағын тартып қалса, сырт етіп саусағы орнына түсіпті. Ол осыдан бастап сынықшылықты бастағанын айтқан-ды.

– Бұрын-сонды енебіме ақы сұраған емес едім, 1992 жылы Қызылорда қаласына көшіп келгеннен бастап, ақша ала бастадым. Тәжірибем артып, сынықшы өнерге ден қойдым. Белгілі қайраткер азаматтарды қарап, сынған, шыққан жерлерін орнына салып бердім. Олар да азаматтығын жасап қамқорлық көрсетті. Сынықшылық өнерімді бағалағаны болар», деп күле әңгімеленген болатын.

Зайырдың сыныптастары Карман Ахметов, Артел Қоштаев болатын. Олармен өмірінің соңына дейін аралас-құралас болды. Үйі мектептен алыстау болғандықтан өз қатарластарынан кейін оқығанын да айтқан еді.

Жалпы Зайыр ағамен көл басқа, қызмет саласы басқа болғандықтан көп әңгімелесе алмағаныма өкінемін. Ол кісі сынықшылығымен қатар ел аузындағы әңгімелерден де мол хабардар болатын. 2010 жылы Аққыр ауылында бір көшеге елге белгілі ақсақал Шәйімбет Есовке көше беру салтанатында бірге жүріп, бірге дастархандас болғаным бар. Одан кейін Қызылордадағы бір мәжілісте бірге болдық. 2017 жылдың 17 қыркүйегінде әкем Дайрабай Бекбергеноұлы атына өзі туып-өскен «Жанаталап» ауылындағы көше беру салтанатына арнайы шақырып, тұсау кесер рәсіміне қатыстырдым. Бұл да менің Зайыр ағаны сыйлағаным. Сол күні ол бабалары, бауырлары жатқан Шаймағанбет ахун қорымында өзіне қызыл кірпіштен үй-там салдырып жатқанын, басы-қасында өзі жүргенін әңгіме етті. Ол ағамен көп кездесіп, жиі сырласпасақ та, кездескен жерде шұрқырасып қалатынбыз. Бірде поезд үстінде кездесіп қалдық, бұл 2001 жылдың қарашасы еді. Біраз әңгіменіңң басын қайырдық. Сөз арасында Майлыөзек пен «Жанаталап», «Аққыр» жақ беттегі Жаңабай мешітінің орнына інілеріне бас болып, ескерткіш белгі қойғанын қуана айтып еді. Оның бұл жасаған ісі де артынан ерген інілері мен балаларына үлгі болары сөзсіз.

Ел ағасы атанған, бойына қасиет дарыған Ұзайыр Жаңабаев 2020 жылы өмірден өтіп, бабалары жатқан жерге жамбасы тиді. Жұртшылық өмірден осындай жасы адам өтп деген жатты.

Ұзайыр Жаңабаев мемлекет тарапынан әртүрлі медалдармен марапатталған. Үкімет тарапынан аса еленбесе де халықтың (жұртшылықтың) алғысы мен сыйына бөленді. Талай адамдардың ауруынан айығуына себепкер болды.

Сыр елінде білікті де, белгілі Ұзайыр (Зайыр) Жаңабаев есімді белгілі сынықшы өткеннен ел хабардар. Ұятқарынан көргенде Зайырды еске алып жатады.

Ақырын жүріп, анық басқан, айтулы азаматтың «Жанаталап» колхозы мен «Аққыр» совхозында еселі еңбектерінің ізі қалды. Сонымен қатар аламергішілікке толы бейнесі қалды. Осы тұста белгілі ақындардың бірі Тыныштықбай Мұрыновтың өлеңінде:
... *Кім білмейді, Жаңабаев Зайыр атын, Адамды аурудан айыратын. Жалағашта жасы жандар толып жатыр, Халқына зор денсаулық қайыратын,*
- дейді. Біз де ақынның осы сөзімен тоқтамақпыз. Зайырдың салмақты сөзі, киім киуі мен жүріс-тұрысының өзі кейінге үлгі боларлықтай болды десем, артық айтқаным болмаса...

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, жазушы, ҚР Еңбегі сіңірген қайраткер, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда қаласының «Құрметті» азаматы.

ЖАНАБАЙ МОЛДАНЫҢ БАЛАЛАРЫ...

Отбасымен Қарауыл базар қыстауында тұрақтапты. Молда әкеміз 1875 жылы туып, 1955 жылы қайтыс болған көрінеді.

1936 жылы елде тоқшылық басталған кезде Тауелібай елінен Сырға көшеді. Жолай Аламесекте аялдап, науқастанған әйелі Толғанай Үргенішбайқызын (құлыс кете) жер қойнауына береді. Ол анамыз «керейттер қорымындағы «Ешім» мешіті маңына жерленіпті» (осындағы Зиядін мақсұмның қабірінің жаны).

Тамдыға барарда, қайтар жолында да көптеген қиыншылықтарға кезігеді. Сондағы бірен-саран қармақшылықтар кездесіп, олардың қамқорлығын көріпті. Сонымен қазалы күндерден кейін Жаңабай молда жолға шығып, жолай №16 ауылға (Жанаталап колхозы) келіп тоқтап, аялдаған. Осындағы ел ағалары Шәйімбет Есов, Әбжәлел Қожабаев, Омар Қыдырәлиев тағы басқалардың өтінішімен Жаңаталапта қалыпты. Мұның да өзіндік себептері бар, себебі колхоз бастығы Ө.Қожабаевтың апасы Жаңабай молданың жақын туыстары болып келетін Қожабайдың баласы Нәби мақсұмға тиген. Құдандастығы бар және олар осы ауылға молда болуын өтінген көрінеді. Бұдан «Жанаталапта» молда болмаған деуге болмайды. Сол тұста Қожахмет, Өбіш, Ысқақ Берістемов, Сейдулла Ернязов атты молдалар болған. Негізгі өздеріне мешіт ұстаған молда керек болған ғой.

Қарабазар шешірелерінде Жаңабай молданың ата-тегі толық қамтылмаған (білмегендіктен болар) екен. Осы кемішін тұсты толықтыру мақсатында біраз зерттеулер жүргіздім, ұрпақтарымен сөйлестім. Молда әкеміз кете-қарабазардың – жарылғапынан. Жарылғаптан – Сардуана – одан Досымбайбұдан 2-3 атадан кейін Қазақбай – одан Садақбай. Біз әңгімелеп отырған Жаңабаймыз осы жерден қосылды. Жаңабайдың Зайырдан басқа балалары Кармакшының Түпбөгетінде өмірге келген. Менін жеке архивімдегі Перовскі уезінің құжатында (1868 жылғы 232 қордағы) Жаңабайдың әкесі Садықбайдың (отбасы) «Әулие сексеуілі», «Сарықұм», «Актікенді» қыстап отырғанын қаттаған. Садақбай Қазақбаевтың «Аққыр»

болысының адамы екені анық жазылған. Жанабай Садақбайұлының өкі әйелі болған. Бәйбішесі жоғарыда атап өткен Толғанай, екіншісі Нұртай Қалжанқызы. Ж.Садақбаевтың өкі әйелінен оннан астам ұл-қыз туған. Молданың балаларының үлкені Шайқыслам (1900), Зейнулла (1906), Зейнұр (1922), Рабиға (1925), Шақымұхтар (1928), Ұзайырлар (1935) өмірге келіп, өсіп-өнген.

Сонымен Жаңабайдың үйі ауылдың шетіндегі Дәуқара тамының қасындағы қақыра үйде тұрады. Кейіннен Жаңабай колхоз орталығындағы қоржын тамның біріне орналасқан. Молда өз балаларымен қатар ауыл балаларына діни дәріс берді. Балалары сауатсыздар мектебінен білім алыпты. Қарап отырсақ Жаңабай балаларының есімдерін діни кітап ашып қойған сияқты. 1941-1945 жылдардағы қанқұйлы соғысқа молданың үш бірдей ұлы алынған. Майдан даласынан ортаншы ұлы Зейнулла мүгедек болып оралған. Ленинград майданында соғысқан Шайкыслам Садықбаев пен Зейнұр Жаңабаев 1943 жылдан хабарсыз.

Жаңабайдың үлкен баласы Шайхыслам соғыс алдында үйленген болуы керек, ол жағы белгісіздеу болып тұр. Молданың өзі Жанаталапта колхозшы, ара-тұра молдалықтан жасаған. 1952 жылы Жаңа-бай ақсақал қатты ауырып, сол ауру-дың әсерінен 1955 жылы өмірден өтіп Шаймағамбет мешітіндегі қорымға қойыл-ған. Ұрпақтарының айтуынша осы бейітке Жаңабай молда әулеттерінің 7 адамы жерленіпті.

Молданы көзіміз көрмегендіктен ол кісінің бет-бейнесін сұрағанымда менен 3-4 жас үлкендеу Төлепберген Қожахметов пен Мәлік Қабаровтар: «... Жаңабай әкеміз топт маңдайлы, төртбақ келген, көзі өткір, толқ кісі болғанын айтады және де Шахмұхтарды көр де, Жаңабайды көр», – дейді. Демек молда әкесіне Шахмұхтар қатты ұқсаған.

1941-1945 жылдардағы соғыс кезінде 1928 жылы өмірге келген, Шахмұхтардың туған жылын 1930 жылы деп жаздырыпты. Ауылдық кеңес төрағасы Шәйімбет Есов пен Кармакшы әскери комиссариатында қызмет істейтін №16 ауылдың азаматы, замандас інісі Көбен Байбөкөвке айтып баласының туған жылын өзгерткен екен. Мұны баласы Шахмұхтарды да соғысқа алып кетуден қорыққандықтан жасапты деседі.

Жаңабай Садақбайұлының екінші

сөздерде көп мән-мағынасы жатқан жоқ па? Осындай айтулы жерден шыққан ақындардың бірі – Зейнулла Жаңабаев.

Оның өлендерінде өзінің өмір жолынан хабар беретін жолдар бар. Мендегі жинақталған ақынның өлең жолдарынан оның 1923-1924 жылдарда-ақ өлең жаза бастағаны аңғарылады. Зейнулланың Асан мақсұммен айтысын оқып көрелік. Алдымен ақын әрі діни қайраткер Асан мақсұм Зейнуллаға былайша айтып жазыпты.

Қылмайсың Зейнуллажан сырыңды паш, Жортасың түніменен қасқырдай аш, дей отырып

Отызға жеткеніңше ешіресің, Қаниама болғанменен темір мен тас. Шырағым тілімді алсаң жаз хикая Жиырмаға келіп қалдың емессің жас.

Оған Зейнулла былайша жауап қайтарған:

... Ой аға айтқаныңды қарсы алам, Жоқ екен сөздерінде ешбір шатас. Ардақты алдағы аға бірісіз-ау, Үстіне отырғызатын жсайып палас. 1936 жылы Асан мақсұм Зейнулла інісіне ойланбай төрт ауыз өлең жазайық дейді. Сонда Зейнулланың кеңестік кезеңді, көзбен көрген жайын өлең ете келе, соңында: Көпшілік еңбек етіп алдым қалам,

Жақсы сөз мен ініңнен табылмайтын. Асан мақсұмның жауабында өлеңіне қанағаттанбай:

... Керексіз осы айтқан сөздеріңнен Мес артық қампыса да жарылымайтын. Сол жерде өлең айтып көтерілдің Аңдай Арыстанбек дарылдайтын. Оған Зейнулланың жауабының бірі. ... Ақсүйек тірідегі басым өй, Үлгі сөз қалайынша табылмабы. Бас шайқап Арыстанбек деді былай Бала деп топқа түсіп шабылмаған.

Бұдан кейін Асан Алдашбайұлына екінші сөзін жіберген. Оған да жауап қайтарылыпты.

Сырдың әзілқой, сықақшы Күндебай Алдоңғаров жоғалған қойын іздеп Зейнуллаға жазған. Күндебайдың сұрауына ақын өз жауабында (1936 ж.):

... Шыққан жерім қала, айтамын өлең жана. Қой десем де қоймадың, Жоқ екен сенде сана, – деп Күндебайды тоқтатқан екен.

З.Жаңабаевтың өлең жолдарын оқи отырып, ол кісінің жұмбақ, қайым айтысқа бейім екені байқалады.

Сталинград майданынан әйеліне жазған өлеңінде де (1942 ж.): *Хат жаздым қалам алып, алған жсарым, Тіріме құдай берген жарқын жаным. Ел үшін, жерім, суым үшін, Жүргенім майдан жерде ағып қаным,*

десе ауылдан жауап келгенде:

Қуандым хат алғанда көргендей боп, Қасында ата-ананың жүзгендей боп. Мен тұрмын осы күнде қуанышта, Байсөбе кер қасқа ат келгендей боп,- деп қуанышын барша жұртқа жеткізіпті. Майданынан жазған өлендерін, туған жерін, әкесі, әжесі, адал жарын, баласын сағынғаны, сағыныш сезімдері айқын білінеді.

З.Жаңабаевтың алғашқы өлеңдері 1923-1924 жылдарда жазылса, 1970-ші жылдардың аяғына дейін қолынан қаламын тастамаған, қайсар жүректі жауынгер ақын. Толғау көңіл қостары да бар.

Кенестік кезеңде басталған істерді қолдап та жазған. Кезінде Сыр еліне есімі белгілі керейт руының азаматы Ермахан Қарымсақовтың екі ұлы бірдей (21, 23 жаста) қаза болғанда шамамен 1951 жыл-дары Зейнулланың айтқан көңіл қосы былай өріліпті.

Айырылдым аға аяқтан, Құтылмадым таяқтан. Құтман берсін сабырлық, Айырылыпсың екі шырақтан.

Қаза иесі Ермахан Қарымсақовтың қандай абыройлы кісі болғанын және өзінің Кармакшыға бара жатқанда жазғанын хабардар еткен.

Ақынның өлендерін саралап қарағанында жол сапарын да өлеңге қосқан. Сондай-ақ Бұхара облысының Тамды ауданында жүр-генде біреудің Бұхардан қыжым мата әкеліп беремін деп 2000 сом алып, әлі (масыты) күнге қоймай жүргенін өлеңге қосқан.

Бар еді Базаровтың бір баласы, Болып ем 2000 мың сом мен аласы. Алуым өз ақшамды қыын болып, Түрі бар бермегендей өз шамасы, дей отырып өлеңінің соңында «...Елу екінші жылдың август айынын сегізінде» деп нақтылайды.

Оның әрбір өлеңін оқи отырып, оның өмір жолдарын, кімдермен араласқанын біле түсеміз. Ақын Асқар

Сондай-ақ «Ақындарға өтініш» атты өлеңінде:

«... Дұрыс болса өлеңім, Кідірмей тасқа басыңдар. Көптен жазған қорым бар, Жемісімді шашыңдар», деген үмітпен өлеңін жолдаған.

Ақынның осы өлеңінде: ... Сыртта жүрген Көбеніңн, деуі ол кісі Тамды жақта жүргенінен тағы хабар береді. Өзінің қара сөзбен жазған дерегінде: «1951 жылы Бұхарадан өзінің туған жеріне бара жатып алдымен Жаңаталаптағы туыстарынан шығып, Карл Марктегі туғандарына бет түзегенін де өлеңге қосыпты.

... Сарыбай шыққан жерім Жаңаталап,

Республикаға есімі танымал Зордан Салықбаевтың «Ұстаз» атты өлеңінде:
Ұстаз деген ұлы есімді әркім еске алады,
Ұстаздардың күн бейнесі кеуделерде жанады.
Ұстаздардың қамқорлығы, мейірімі арқылы
Ұшады алғаш жас ұланның қанат қакқан талайы.
Осы өлең құдды Шахмұхтар ағайға арналғандай.
Шахмұхтар ағайға арнап **Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов өзінің «Туған ауылым туралы толғаныс» атты өлеңінде:**
... Қуаныш, Нұрман аға, Шахмұхтар,
Ардақты азаматтар орны толмаса, десе шәкірті ақын **Тыныштықбай Мұрыпбаев** былайша жырға қосады.
... Ұстазым Жаңабаев Шахмұхтар
Үйреткен білім менен ғалиғатты.
Ақындық өнерге де өзі баулып,
Бойында – деген сенің ақындық бар, деп ақындық жолға бауылғанын жазады.
Ұстазым осындай адам болды.

Азана дүйсенбі күн шықтым үйден. Әкемде науқас екен он бір айдай,
дей келе талабым осы жаққа көшіп келу, адамыз бірнеше рет ауыз күйген. Жер ауып Өзбекстан жұрмін аман, деп бар мұңын өлеңмен айтқан. Өлендерін хатқа түсірген (5-сыныптағы) қызы Үміткүл екен.
Зейнулла 1977 жылғы 70 жасында, әйелі Бахарқұл Жәментікқызы 2000 жылы Жосалы кентінде өмірден өткен.
1941-1945 жылғы соғыстың алдында да, соғыстан кейінде 1953-1954 жылдарға дейін Өзбекстанның Тамды ауданында тұрған болар. Зейнулланың Жарқын, Тәжігүл, Күнім, Үміткүл, Сералы атты ұл-қыздары өсіп-өнуде. Ел ішінде ондатр, тышқан аулағандықтан болар жұртшылық оны «тышқан молда» атап кеткен.

З.Жаңабаев 1975 жылдың 13 қыркүйегінде әдебиет зерттеушісі Марпан Байділдаевқа өлеңмен қат жазған.

Аман ба қалқам Мардан, Көрем зой артық жаннан. Жас келген соң жетпіске, Шығады екен саннан, – дей келе бұрын жіберген өлендерінің дерегін сұрапты. Біз де ақынның өмір жолына қысқаша тоқтадық.

ҰСТАЗ ШАХМҰХТАР

Шахмұхтар Жаңабаев 1928 жылы Кармакшы ауданының «Майлыөзек», «Түпбөгет» атанатын өңірдегі Карл Маркс колхозында туған. Қазіргі Алдашбай ахун ауылы. Ата-анасы Тамдыдан оралысымен Жаңаталап мектебінде барады (1934-1937 жылдарда мектеп бастауыш болған) және Мақпалкөл мектебінде оқуын жалғастырған. Онымен бірге оққанғдар Базарбай Жәлиев, Тынарбай Төлегенов тағы басқалар. Кейіннен Қызылордадағы екі жылдық мұғалімдер институтын оқып бітірген (мұнда да Базарбаймен бірге). Арнайы жолдамамен Жалағаш ауданындағы «Қаратөбе», 1-Мамыр мектебінде мұғалім, 1951-1953 оқу жылында жетіжылдық мектеп директорының орынбасары, ара-тұра директордың міндетін атқарған. 1954 жылы «Жанаталап» мектебіне ауысып, мұнда да мектеп директорының орынбасары, 1964-1965 оқу жылында «Аққыр» совхозында жанадан ашылған №188 мектепте де директордың орынбасары қызметін абыроймен атқарып, талай, түрлі мінсзді шәкірттерді тәрбиелеп, өсірді. Шахмұхтар ағай сол 1951-1952 жылғы оқу жылынан бастап, өмірінің соңына дейін ұстаздық қызметін жасады. Тіпте бір кезде өзі оқытқан оқушыларын әріптес те болған-ды.

Ата-анасы қазіргі «Жанаталап» ауылынан шеткерек «Түктібай-Мәдениет» арығының жоғары жағындағы (Жалғас талынан әрірек) Дәуқара қыстауын мекен еткендіктен ол өз қатарынан кейінірек мектеп табалдырығын аттапты.

Біздер 1950-1951 оқу жылында мектеп қабырғасын аттағанымызда Қытайы Бегімова, Тәнірберген Махмұтов, 1954 жылдан бізге қазақ тілі мен әдебиетінен

басқалармен кездесу ұйымдастыруға да мұрындық болған деседі. Көршісі Әдіс Ахетовпен туған-туыстай араласып, қатысқан.

Көрші-қолан ғана емес, ағайын-туыстарына көмек қолын созғысы келіп тұратын. Үлкен ұлының атын Серік Зейнуллаев деп жаздырған. Інілерінің Кармакшыда тұрып жатқан Зейнулла ағасына үнемі хабарласып, көмектесіп тұруын қадағалайтын. Менің архивімдегі 4-6 сыныптағы мақтау қағаздарымда Шахмұхтар ағайдың қолы қойылған. Сондай-ақ мектепшілік тәртіпті қатаң сақтайтын. Бірде 1956 жылдың бір күнінде 6-сыныпта оқитын Муса Жидебаев шаш қойып келді. Оны көрген ағай оған «ертең шашыңды алып кел” деп тапсырма берді, бірақ та ертенінде Муса өсірген шашымен келді. Айтқанын орындамаған Мусаға ашуланып, қайшымен шашты әр жерінен қасқалады. Мүмкін сол жылдарда мектеп оқушыларына шаш қоюға ұлықсат болмаған болар. Шәкірттерінің арасында Шахмұхтар ағайды көбірек шаршатқан Муса Жидебаев болатын.

Ағайдың үлкені Серік, Раушан, Қарлығаш, Айтмағанбет (Айтбай) бәрі де оқыған азаматтар. Осы тұста Ш.Жаңабаевтың осындай жетістіктеріне жетуіне үйіндегі отан-анасы Күләнза апайдың енебегі зор демекпін.

СЫНЫҚШЫ ҰЗАЙЫР

Ұзайыр Жаңабайұлы 1935 жылдың 15 маусымында Тамды ауданында дүниеге келген. Жаңаталаптағы мектепте оқыған. Соғыс жылдарында колхоздың егісіндегі арашөптерді отау, бидай ору, қырмандағы астықты есек, болмаса өгіз арбамен тасуға араласқан. Қиындықты көріп жүріп, ерте

"Ақшамның асханасы"

ҚАРЫНҒА ҚАРЫН ТОЯДЫ МА?

Түске де, тіске де кіретін етті жақсы көргенімізбен, ішек-қарынды онша ұната бермейтініміз анық. Жілік ет алғанда да үлес болып қосылған ішек-қарынға мұрын тыржита қарап, оны тазартуды ауырсынатынымыз да рас. Әсіресе, иісі бір түрлі.

Алайда, сол біз иісінен тыжырынатын, тамақ деп мойындай бермейтін, түрін де онша ұната қоймайтын қарынның денсаулыққа пайдасы мол екен. Әрі әр елде оны дайындау мәзірі де әртүрлі екен.

Қарын өзі үшке бөлінеді. Қырыққабат қарын қатпар-қатпар болып келетіндіктен тазалауға өте қиын. Мал сойғанда көбіне оны тастап жатамыз. Алайда өбден қайнатып пісірсе дәмі өзгеше, ет дәм береді дейді. Ал таз қарын түгі көп болмағандықтан тазалауға оңай. Диеталық тағамдар жасауға пайдалы көрінеді.

Қырыққабат пен таз қарын арасындағы тор қарын тез піседі екен. Жалпы қарынды дәмді, тәтті етіп пісіру үшін алдымен оны жақсылап тазартып алып, әдемілеп кайната білу керек. Әйтпесе, қарын иісі шығып, қатты болады.

Шығыс Еуропадағы: Ресей, Украина, Польшада қарын сорпасы хаш, фляки немесе dranka деп аталады екен. Әрі өте танымал. Тойымды, әрі денені қыздыратын бұл сорпалар көбіне ауа райы салқын кезде дайындалады. Оған көкөністер, әр түрлі шөптер, дәмдеуіштер қосылғанда дәмі тәтті, хош иісті болып шығады. Әсіресе, варшавалық фляки сорпасына імбір, лавр жапырағы қосылып дайындалады.

Италия елі тұрғындарының қарынды томатпен, көкөніс, хош иісті шөптермен бұқтырып жасайтын тағамын триппа деп атайды. Флоренция триппасы қарынды томатқа бұқтырып, пармезан ірімшігі, кейде ақ бұршақ қосылып әзірленеді.

Мексиканың қарыннан жасалатын хош иісті дәмді сорпасын кешкі, түнгі көңілді отырыстардан кейінгі күні таңертең "бас жазуға" ішеді. Оның құрамына



чили бұрышы, жуа, сарымсақ, орегано мен лимон шырынын қосады. **Францияда** қарынды ақ шаралқа бұқтырады екен. Әрине, көкөніс, дәмдеуіш шөптер қосады. Қан қарыны деп те аталатын нормандықтар тағамына сидра қосылып дайындалады екен. **Азия** елдерінде, оның ішінде **Қытай мен Кореяда** қарын көп жерде пайдаланылады. Одан сорпа да, салат та, екінші тағам да әзірлейді. Корея ас мәзірінде гопчанг дейтін грилде қуырылатын қарын да бар.

ТРИППА АЛЛА ФЬОРЕНТИНА, ЯҒНИ ФЛОРЕНЦИЯ ҚАРЫНЫ

Бұл Италия тағамын әзірлеу өте қарапайым, бірақ өте дәмді, әрі тойымды.

Қажетті заттар:

1 келі сиыр қарыны, алдын-ала тазартылған, қайнатылған. Әсіресе қарынның құрышты жерлері, 1 бас үлкен жуа – майда етіп туралған, 2 тіс сарымсақ – езілген, 1 сәбіз – ұсақ етіп туралған, 1 бұтақ сельдерей – ұсақ етіп туралған, 400 гр. қалбырдағы өз сөліне бұқтырылған қызанақ – езілген. 150 мл. ақ құрғақ шарап, 100 гр. үккіштен өткен пармезан немесе басқа қатты ірімшік түрлері, зәйтүн майы, балғын ақжелкен (петрушка) майда етіп туралған, дәміне қарай тұз, бұрыш, ащы чили бұрышы (қалауына қарай).



Дайындалуы:

Қарынды әзірлеп аламыз. Өбден жұмсағанша тұзды суда лавр жапырағын, түйір бұрыштан қосып, кемінде 2-3 сағат қайнатамыз. Содан соң суытып аламыз, тілікше, немесе кубик етіп турамыз. Содан соң шұңғыл табаға зәйтүн майын құйып, қыздырамыз. Жуа, сәбіз, сельдерейді табадағы майға салып, орташа отта, 5-7 минут шамасы қуырамыз. Сарымсақ пен ащы чили бұрышын қосып, тағы да шамалы қуырамыз. Хош иіс шығады. Қарынға шарапты құямыз. Содан соң таба астындағы отты күшейтіп, табада қуырылып жатқандарға туралған қарынды қосып, қызарғанша қуырамыз. Содан соң шараптан тағы құйып, бірнеше минут бұқтырып қоямыз. Табадағыларға қалбырдағы қызанақты қосамыз, тұз, бұрыш себеміз. Отты барынша

азайтып, таба бетін жауып, баяу отта кемінде 1-1,5 сағат бұқтырамыз. Арасында араластырып тұру керек. Қарын жұмсарып, соусы қоюланғанша оттан түсірмейміз. Соус қатты қоюланып кетсе кішкене су, немесе сорпа құйып жіберуге болады. Төрелкеге салар алдында үккіштен өткен ірімшіктің бір бөлігін қосып, араластырамыз. Содан соң төрелкеге салғаннан кейін үстіне балғын ақжелкен, қалған ірімшікті себеміз. Ыстықтай жеген жақсы.

ВАРШАВАЛЫҚ ФЛЯКИ – ПОЛЯКТАРДЫҢ ҚАРЫН СОРПАСЫ

Ауа райы салқын күндерде ішуге тойымды, хош иісті, денені қыздыратын сорпа.

Қажетті заттар:

1 келі сиырдың таз қарыны, 2 литр су, немесе сиыр етінің сорпасы, 1 дөңгелекше етіп туралған сәбіз, ұсақ туралған жуа, 2-3 тіс үккіштен өткізілген сарымсақ, 2 ас қасық өсімдік майы, 2 ас қасық ұн, ½ шай қасық ұнтақталған імбір, ¼ шай қасық ұнтақталған жаңғақ, 1 лавр жапырағы, 3-4 түйір



бұрыш (түйір бұрыш), тұз, бұрыш, әшкөк, немесе ақжелкен дәміне қарай.

Дайындалуы:

Қарынды өбден жұмсарғанша асып аламыз. Содан соң суытып, жіңішке тілікше етіп кесеміз.

Үлкен ыдыста өсімдік майын қыздырамыз. Жуаны жұмсарғанша қуырамыз. Үстіне сәбіз, ақжелкенді салып, тағы да 5-7 минуттай қуырамыз. Сарымсақты салып, 1 минуттай тағы қуырамыз. Бөлек табада құрғақ отта ұнды араластырып тұрып, алтын түске енгенше қуырамыз. Үстіне ыстық сорпадан қосып, түйдектеліп қалмас үшін өбден араластырамыз.

Көкөніс бар ыдысқа сиыр еті сорпасын, болмаса су құямыз. Лавр жапырағы мен түйір бұрышты саламыз. Қайнағаннан соң туралған қарынды, қуырылған ұнды қосамыз. Отты өбден басып, жай отта кемінде 30-40 минут қайнатамыз. Имбір, жаңғақ, татымына қарай тұз, бұрыш қосамыз. Тағы да 10 минут қайнатамыз.

Қарын сорпасын төрелкелерге құйғаннан кейін бетіне әркімнің қалауына қарай ақжелкен, әшкөк себеміз.

ҚАРЫНДЫ КІМДЕРГЕ ЖЕУГЕ БОЛМАЙДЫ?

Денсаулыққа қарынның пайдалы екені рас. Алайда, оны жеуге болмайтын жағдайлар да кездеседі. Мәселен, кез-келген тағам сияқты кейбіреулер оны жей алмайды, немесе біреулерде аллергия тудырады.

Қарынды қуырып жегенде, немесе өте майлы болса, қорытылуы қиын. Гастрит, панкреатит, холецистит, ішек-асқазан ауруларының басқа да жағдайларында қарын жеуді шектеген дұрыс.

Қарын соншалықты майлы болмағанымен, онда бәрібір холестерин бар. Содан да қан құрамында холестерині барлар оны абайлап жегені дұрыс. Қарынды асып, немесе бұқтырып, диеталық әдіспен жегені дұрыс.

Егде адамдар менен балалардың ас қорыту жүйесі өте нәзік. Негізі қарынды асқанда өбден қайнатқан дұрыс. Содан да балалар мен қарт



кісілер қарын жегенде абай болғаны жөн.

Қарынның құрамында ағзадағы кіші дәрет қышқылы деңгейін көтеріп жіберетін пурин бар. Содан да подаграмен ауыратындар оны жемесе де болады. Негізі созылмалы науқасы бар жандар қарынды ас мәзіріне қоспас бұрын диетологпен, емдеуші дәрігерімен кеңесіп алғаны дұрыс.

ЦИКОРИЙ ЗИЯНЫ ҚАНДАЙ?

Кофе ішуге өбден құмар жұрттың кейбірі қазір цикорийге көшіп жатыр. Негізі цикорий де кофеден кем емес көрінеді. Цикорий – тамырынан осы пайдалы сусынды жасайтын өсімдік аты. Оның денсаулыққа пайдасы мол. Ол да кофе сияқты адам жанын сергітеді, одан бөлек ағзаға қажетті заттарға өте бай.

Ас қорытуды жақсартатын және ішекке жақсы әсер ететін инулин жеткілікті. Сондай-ақ В, С, калий, магний, кальций сияқты денсаулықты нығайтатын дәрумендер мен минералдарға да бай. Тіндерді улы заттардан қорғайтын антиоксиданттар да жеткілікті. Цикорий қабыну процесстерін де төмендетеді. Дене күтіміне байланысты калориясы төмен.

Содан да дене салмағын азайтамын деушілерге пайдалы. Цикорий бауыр жұмысын жақсартып, өттің бөлінуін жеңілдететіндіктен бауыры мен өт жолы ауыратындарға да жақсы. Бірақ, дәрігермен кеңесуі керек. Инулин қандағы қантты реттеуге көмектеседі. Содан да дәрігер рұқсат берсе кант диабеті барлар да ішуге болады.

Диебактериоз кезінде ауруды жеңілдетеді, әрі ішек жұмысын жақсартады. Негізі кофе орнына басқа сусын ішкісі келетіндерге де пайдалы.

Аллергиясы барлар ішкен кезде ісіну, қышыну болуы мүмкін. Сондықтан аз-аздан ішіп бастау керек. Геморрой, немесе варикозы барларға да байқау керек. Цикорий қан тамырларын кеңейтіп жіберуі мүмкін.

БАҚ-БАҚ – ДӘРУМЕН

Біз оларды жеуге жарамсыз арамшөп деп білеміз. Содан да олар көзге көрінгеннен бау-бақшамен жағаластырмай отап тастаймыз.

Қазір бақ-бақ гүлдеп тұр. Бақша ішінде болса, жұлып тастар едік. Алайда қала көшелерінің елеусіз тұстарындағы бақ-бақпен балалар ойнап маз. Бақ-бақтың көз қуанып, жүректерге қуаныш сыйлағанынан бөлек,



ол дәрумендердің қайнар көзі. Иммуитетті нығайтады, ағзаны тазартады, тағамның дәмін келтіреді. Оның жапырағы салаттарға, сорпаларға дәм берсе, гүлінен тәтті тосап жасауға болады. Тіпті шарап та жасалады. Ал тамырынан жасалған кофе бойды сергітеді.

Қажетті заттар:

10 бақ-бақ гүлі, 5-6 жапырағы, 2 стакан кефир, немесе ашыған сүт, 1 ас қасық майдаланған әшкөк, 1 ас қасық көк жуа, 1 ас қасық қаймақ, татымына қарай тұз.

Дайындалуы:

Бақ-бақ жапырақтарын өбден жуып тазартамыз. Егер жапырақтар ескі болса салқын суға 30 минуттай салып қойып, ащысын шығарамыз. Содан соң жапырақтарды жіңішке тілікше етіп турамыз. Кесеге, немесе төрелкеге кефир, айтпесе ашыған сүтті құямыз. Оған бақ-бақтың туралған жапырақтарын, гүлдерін, әшкөк, көк жуаны қосамыз.

Қаймақты қосып, дәміне қарай тұз саламыз. Бәрін араластырамыз. Бақ-бақтың бұл сорпасын салқын-датып ішеміз.

БАҚ-БАҚ САЛАТ

Қажетті заттар:

200 гр. майда етіп туралған қырыққабат, 10 гр. бақ-бақ жапырағы, ортасы тазартылған, майда етіп туралған 2 қышқыл алма, ірі үккіштен өткен 1 сәбіз, өсімдік майы, немесе қаймақ, татымына қарай қара бұрыш.

Дайындалуы:

Бақ-бақтың жапырағын жуып, 40 минуттай тұзды суға салып қоямыз. Ащысы кетеді. Содан соң ағын суға жуып, тілікше етіп турарсыз. Үлкен ыдыста қырыққабат, бақ-бақ жапырағы, алма мен сәбізді араластырасыз. Сосын өсімдік майы немесе қаймақпен араластырасыз. Татымына қарай қара бұрыш қосасыз.

100 МЫҢ ГҮЛ – ҚЫЗЫЛОРДА СӘНІ

Қызылорда қаласында көктем мезгілінің келуімен бірге қала аумағын абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары белсенді түрде қолға алынды. Бұл игі бастама қала келбетін көркейтп, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылуда.

Жасып Қызылорда мемлекеттік мекемесі тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар аясында қала көшелеріне, демалыс орындары мен тарихи ескерткіш маңына гүл егу ісі қызу жүріп жатыр. Аталған мекеме директорының

міндетін атқарушы Адай Мұстафаевтың айтуынша, көгалдандыру жұмыстары биылғы жылы наурыз айының 30-ынан бастап қолға алынған.

– Қазіргі таңда қала бойынша 5 түрлі гүл отырғызылды. Олардың барлығы Қызылорда облысының климаттық ерекшеліктеріне бейімделіп таңдалған. Гүл егуге 60 адам арнайы жұмысқа тартылды. Бүгінгі күнге дейін 100 мың гүл егілді. Нақтылап айтқанда, мәңгілік алау алаңы, вокзал аумағы, қалалық саябақтың алды, сондай-ақ Амангелді

Иманов ескерткішінің жанына гүл егілді, – деді Адай Мұстафаев.

Гүлдердің сапасы мен түр-түріне де ерекше көңіл бөлінген. Түрлі-түсті, ерекше күтімді қажет етпейтін, әрі ұзақ уақыт бойы көздің жауын алатын гүлдер таңдап алынған. Бұл гүлдер қаланың сән-салтанатын арттырып қана қоймай, экологиялық жағдайды да жақсартуға өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстары тек гүл егуімен шектелмейді. Қала көшелеріндегі көгалдарға күтім



жасау, ағаш отырғызу, орындықтар мен жарық шамдарын орнату, жаяу жүргіншілер жолдарын жөндеу сияқты кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар қаланың тазалығы мен эстетикалық келбетіне оң әсерін тигізуде.

Жалпы алғанда Қызылорда қаласы соңғы жылдары абаттандыру бағытында ауқымды өзгерістерге бет бұрып келеді. Тұрғындар мен қала қонақтары үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Абаттандырылған алаңдар мен гүлге толы көшелер – қала мәдениетінің айнасы. Сондықтан да бұл бағыттағы жүйелі жұмыс – әкімдік пен тиісті мекемелердің басты назарында.

Қ.КУЛМИШЕВА